



АДАМ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН  
ҚОРҒАУ  
ҚАМТАМАСЫЗ  
ЕТІЛЕДІ

2-бет



ҰЛТ ҰСТАЗЫН  
ҰЛЫҚТАЙ БІЛУ –  
ҰЛТТЫҒЫМЫЗДЫ  
БІЛДІРЕДІ

5-бет



ПАРТИЯ БЕДЕЛІ –  
БЕЛСЕНДІЛІГІ МЕН  
НАҚТЫ ІСІНДЕ

10-11-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№12 (986) 28.03.2022 жыл

Азат ПЕРУАШЕВ, «Ақ жол» партиясының төрағасы, ҚР Мәжіліс депутаты:

## АЛАШ ИДЕЯСЫ ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫНДА БАР



ЖАЛАУ ЕТКЕН  
ӨРЛІКТІ  
САҒЫНЫШТЫҢ  
АҚЫНЫ...

...Төлеген табан астынан өлең шығарып еді, Өмірзақ іліп алып:  
«Сынап едім сендерді, Мені іздер ме екен деп», – деп жауап қайтарды. Төлеген ішек-сілесі қатып күлді. Ол күлсе, шын күлетін. Жыласа, шын жылайтын. Өтірігі жоқ, шынайы жан еді. Адамның тазасы еді.

8-9  
бет



Қазақ үшін Алаштан асқан идея жоқ. Қаншама жылдар бойы билік өкілдері «ұлттық идея» деп түрлі бағдарламалар әзірледі. Оның бәрі жыл өтпей ұмыт болып жатыр. Ал, Алаш идеясын кеңес үкіметі де, большевиктер де, қызыл әскерлер де жоюға тырысқанымен, ол уақыт өткен сайын елдің санасына сіңіп, халықпен бірге жасап келеді. Біз елді біріктіретін Алаш идеясын көтерген соң, маған жан-жақтан партия атауын «Алаш» деп өзгерту туралы ұсыныстар айтылып жатыр. Менің көзқарасым біреу – Алаш идеясы барша халыққа ортақ. Оны жеке иемденуге ешкімнің құқығы жоқ. Сол үшін біз ары қарай да Алаш туын биік көтеріп, Алаш идеясын насихаттауға бар қажыр-қайратымызбен қызмет етеміз.

4  
бет



## СИЗО-дан ХАТ. ПРЕЗИДЕНТТЕН АРАША СҰРАЙМЫЗ!

Сот бір жылдан асқан тергеу амалдары нәтижесінде оған нақты дәлелсіз жаптым жала, жақтым күйе әдісімен, өрескелдікке жол беріп, жаза белгіледі. Заң бірнеше рет бұзылды, ауыр жаза тағайындалды. Істі қарау барысында бірнеше өрескел қате жіберілді, сот адвокаттардың уәжін зорлықпен ескерусіз қалдырды. Сөйтіп, өмірінің 20 жылын адал мемлекеттік қызметке арнаған менің ұлым Ерімбет Ерболат заңсыздықтың құрбаны болып отыр. Бұған судья Қайыров А. М. «ерекше» еңбек сіңірді.

6  
бет



## БАСПАСӨЗ БАПКЕРІ

Үлкен өнер саналатын шебер журналистік бір басқа да, осы салада білгір басшы болу екінші мәселе. Ойлап қарасаңыз, бұған да айрықша дарын керек сияқтанады. Әйткенмен, осы қос міндетті биік деңгейде тең көтеріп, іскер жетекші ретінде танылған әріптестеріміз де баршылық...

13  
бет

## PISA: УЧАЩИЕСЯ НИШ ОПЕРЕЖАЮТ СВЕРСТНИКОВ НА 124 БАЛЛА

После онлайн-обучения система образования Казахстана приходит в себя. Общеизвестно, что дистанционное обучение негативно повлияло на качество знания школьников и студентов. И таки слабая функциональная неграмотность наших школьников за время дистанционного обучения снизилась на несколько пунктов.



14  
бет

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімованы қабылдады. Мемлекет басшысына Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2021 жылы атқарған жұмысының қорытындылары, соның ішінде азаматтардың құқықтарын қайта қалпына келтіруге көмектесу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді.



Эльвира Әзімова Президентке сотқа дейінгі тергеу сатысында оның ішінде қаңтар оқиғасы аясында адам құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде баяндады. Сонымен қатар құқық қорғау органдарының қызметі туралы заңнаманы жетілдіру, төтенше жағдай режимі кезінде адам құқықтарын қорғау және алқабилер сотының мандатын кеңейту жөнінде ұсыныс берілді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Конституциялық сотқа жүгіну құқығын беру туралы Президент бастамасы аясында омбудсмен Мемлекет басшысына Еуропа Кеңесі Венеция комиссиясының ұсыныстары жөнінде жеткізді. Аталған бастама Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырдағы Жолдауында айтылды. Эльвира Әзімова Президентке адам құқықтары саласындағы екінші ша-

ралар топтамасы бойынша әзірленіп жатқан ұсыныстарды таныстырды. Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы уәкілдің Бас прокуратурамен тығыз байланыста болып, халыққа тергеу нәтижелері туралы кеңінен ақпарат беру қажет екенін атап өтті.

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІ ДАМУЫТЫЛАДЫ

Елімізде Қоғамдық кеңестердің қызметін жетілдіру туралы Ұлттық баяндама дайындалады. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров мәлім етті.

Оның айтуынша Президент, Парламент, саяси партиялар, сот және құқық қорғау органдарының негізгі құзыреті қайта қаралады. Суперпрезиденттік басқару формасынан Парламентті мықты президенттік

республикаға өту міндеті тұр. Қазір елімізде 102 кеңес құрылған. Одан бөлек, тағы 111 кеңес құру қаралып жатыр. Жаңа кеңестерді құруда үкіметтік емес ұйым, партия және азаматтық институттардың өкілдері кеңінен тартылуда. Биыл алғаш рет Қазақстанда қоғамдық кеңес қызметі туралы Ұлттық баяндама әзірленбекші. Қоғамдық кеңестердің жұмысына талдау жасалып, оның болашақ дамуы зерделенбек.

«Сонымен қатар үкіметтік емес

ұйымдардың жобаларын жоспарлауды мемлекеттік тапсырыс жүйесі арқылы жүзеге асыру қаралады. Келелі мәселелерді шешуде құзырлы органдармен бірге қоғам белсенділері тартылады. Әр шешім бойынша тиянақты талдау жасалады. Одан бөлек, Парламент қабырғасында қоғамдық бақылау туралы заңнама талқыланып жатыр. Ол заң мемлекет пен азаматтар арасында жаңа принципті қалыптастыруға мүмкіндік береді», — дейді вице-министр.



## НАУРЫЗ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕЙРАМЫ

Биыл Қарағанды облысында Наурыз мейрамын тойлау «Қайырымды ұлт» акциясымен ерекшеленді.

19-23 наурыз аралығында әлеуметтік осал топтарға жататын өңір тұрғындарына 1755 азық-түлік жиынтығы таратылып, қариялардың жалғызбасты әріктелерін үй аулаларын қардан тазартты. Жаңаарқа ауданында 500-ге жуық отбасы азық-түлік пакетін алды. Жергілікті кәсіпорындар мен ұйымдардың демеушілік 3 миллион теңгеге жемиштілік көмек көрсетті. Приозерск қаласында салмағы 12 келі болатын 300-ден астам азық-түлік себеті таратылды.

Сондай-ақ Наурызды тойлау кезінде орталық алаңда қала тұрғындары үшін тегін дастархан жайылды. Мейрамға орай 1 мың келі палау, 600 литр наурыз көже, 180 келі бауырсақ дайындалды. Әлеуметтік қамқорлықтағы Балқаш тұрғындарына 297 азық-түлік жиынтығы мен тәтті сыйлықтар табырылды. Демеушілер қатарында «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС, «Сары-Қазына» және «Балқаштүстімет» кәсіпорындары болды. Сондай-ақ қалада жалғызбасты қарт адамдарға, мүгедек балаларға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға арналған қайырымдылық түскі ас өткізілді.

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫ – ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ОРДАСЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік сатып алуда бір литр сүтті 14,5 млн. теңгеге бағаланған келенсіздікті анықтады.

Аталмыш департамент қызметкерлері қоғам белсенділерімен бірлесіп мемлекеттік сатып алуға байланысты тұрақты түрде мониторинг жүргізіп келеді. Ол мемлекеттік сатып алу бағасын жасанды көтерумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік береді. Аталған шара барысында Қармақшы аудандық № 275 орта мектебі мемлекеттік сатып алу порталында 1 күртенің 1 670 143 теңге көлемінде бағалана. Сол арқылы барлығы 208 767 875 теңгеге 125 күртені сатып алу жоспарлаған. Анықталған кемшілік бойынша ұсыныс жолданып, 1 күртенің бағасы 16 701 теңгеге дейін түсірілді. Жалпы сатып алу соммасы 2 087 678 теңгені құрады. Мемлекетке 206 680 197 теңге кері қайтарылды. Сондай-ақ, Шиелі аудандық білім бөлімі 1 литр сүтті 14 577 000 теңге сатып алуы жоспарлаған. Нәтижесінде жоспарлы бағасын қайта қарау туралы ұсыныс хат жолданып, 1 литр табиғи сүттің бағасы 223 теңгеге түсірілді. «Биылғы жылдың 2 айының қорытындысы бойынша 17 мекемеге ұсыныс жолданып, жалпы соммасы 351 230 304 теңге үнемделді. Аталған қаржылар білім, денсаулық және өзге де салаларға қатысты болып отыр», — деп мәлім етті департаменттен. Мемлекеттік сатып алу саласын жемқорлық жайлағанын осыдан-ақ көруге болады.

## СЫРТҚЫ САЯСИ АХУАЛ САЛДАРЫН СЕЗІНЕ БАСТАДЫҚ

Елордада Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Дағдарысқа қарсы шаралар жөніндегі жедел штабтың кезекті отырысы өтті.

Отырыс барысында жедел штаб мүшелері Қазақстан агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) саласын біріктер қаржыға әрі жүйелі мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, көктемгі егіс науқаны алдындағы дайындық барысы сөз болды. Соған байланысты — көктемгі егіс жұмыстарына қосымша қаражат бөлу, ауыл шаруашылығы өндірісі үшін қажетті тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізу логистикасының негізгі проблемалары қаралды.

## ЗАҢСЫЗ ЖЕКЕШЕЛЕНГЕН НЫСАНДАР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Қазақстанда заңсыз жекешелендірілген нысандар мемлекет меншігіне қайтарылады. Олардың қатарында жекешеленіп берілгеннен кейін монополист болған ұйымдар да бар.

Қазірдің өзінде мемлекет өзіне қайтаруға ниетті нақты салалар белгілі, олардың қатарында телекоммуникация, теміржол инфрақұрылымы, медициналық қызметкерлері, Министрлер кабинетінің мүшелері, сондай-ақ комиссия құрамына енгізілген «Самұрық-Қазына» өкілдері айналысады. Комиссияға бір апта берілген. Президенттің тікелей тапсырмасын орындайтындар бір кездері мемлекет меншігінде болған нысандарды енді қалай қайтаратынын, ол үшін қандай жауапкершілік болатынын ашып айтпай отыр.

Отырыста қазіргі сыртқы саяси ахуалдың әлем елдерімен қатар Қазақстанда да ауыл шаруашылығы тауарларының, оның ішінде техникалық, тұқымның, генетикалық материалдың, минералды тыңайтқыштардың және тағы басқа өнімдердің қымбаттауына түрткі болып отырғаны атап өтілді.

Премьер-Министр Ә.Смайыловтың тапсырмасына сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп, минералды тыңайтқыштардың бағасын төмендету бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Мәселен, 16 наурыздан бастап аммиак селитрасының бағасы тоннасына 200 мың теңгеден 160 мың теңгеге дейін төмендеді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады.

қызмет салаларын монополиясыздандырады. Кезінде заңсыз жекешелендірілген нысандарды қайтарудың егжей-тегжейін анықтаумен құқық қорғау органдары, қаржы секторының қызметкерлері, Министрлер кабинетінің мүшелері, сондай-ақ комиссия құрамына енгізілген «Самұрық-Қазына» өкілдері айналысады. Комиссияға бір апта берілген. Президенттің тікелей тапсырмасын орындайтындар бір кездері мемлекет меншігінде болған нысандарды енді қалай қайтаратынын, ол үшін қандай жауапкершілік болатынын ашып айтпай отыр.

## «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШ» КІТАБЫ ПРАГАДА

Прагада қазақ ғалымы, ағартушысы, қоғам және саяси қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына, сондай-ақ «Алаш» қозғалысының мәдени мұрасына арналған дөңгелек үстел отырысы болды.

Қазақстан Республикасының Чех Республикасындағы Елшілігінің бастамасымен «Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш» кітабының тұсаукесері өтті. Кітап алғаш рет чех және ағылшын тілдеріне аударылып, оған қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлері мен қазіргі заманғы «Алаштанушы» ғалымдардың еңбектері енді. Қазақ тілінен ағылшын тіліне аударуды Қазақстан Республикасының Ұлттық аударма бюросы жүзеге асырды. Іс-шара барысында А. Байтұрсынұлы



мен «Алаш» қозғалысының ел тарихы мен ұлттық санасын қалыптастырудағы бірегей рөлі атап өтілді.

Қазақстан Елшілігі Карлов университетіне чех және ағылшын тілдеріндегі «Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш» кітаптарын сыйға тартты. Айта кетейік, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы 2022 жылы аталып өтілетін ЮНЕСКО-ның Аитулы мерейтойлар тізіміне қосылған болатын.

## АЛМАТЫДА КРЕМАТОРИЙ САЛЫНДЫ

Алматыда халық арасында түрлі пікір тудырған крематорийдің құрылысы аяқталды. Бұл туралы қалалық әкімдіктің баспасөз қызметі мәлім етті.

«Крематорийдің құрылыс жұмыстары 2021 жылдың желтоқсанында аяқталды. Бүгінгі таңда сыртқы инженерлік желілерді, оның ішінде орнатылған пештерді пайдалану үшін газбен жабдықтау желісін тарту жұмыстары жүргізілуде.

Крематорийді 2022 жылдың мамырында қосу жоспарлануда», — дейді қала әкімдігі өкілдері. Келісімшартқа сәйкес, крематорий Алматы қаласы, Алатау ауданы Ақын Сара көшесінің солтүстік бөлігінде, ЖЭО-2 шығысына қарай орналасқан патологоанатомиялық бюро жанынан салынды. Қазіргі уақытта Қазақстанда крематорийдің жұмыс істеу қағидалары, сондай-ақ мәйітті кремацияға қабылдау ережелері әзірленуде. Құрылыс құны — 1,3 млрд. теңге.

Елімізде Мемлекет басшысының нұсқауымен мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобалар форматына көшу жүзеге асып жатқаны белгілі. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы білім сапасын арттырып қана қоймай, мемлекеттік маңызы бар бағдарламамен байланысып жатыр. Аталмыш ұлттық жобаның төртінші міндетінде: «Қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету. 2025 жылға қарай жастардың 100 проценті қажетті мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етілетін болады», – делінген-ді. Осы тұста білім саласын ұшпаққа шығаруды көздеген жобаның жүктеген төртінші міндеті бойынша республика көлемінде атқарылып жатқан ауқымды істерге толығырақ тоқталуды жөн санадық.



### КӘСІПТІК БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен колледждерде білім алуға ниетті жастарға зор мүмкіндік берілетін. Нақтырақ айтқанда, 120 мыңнан астам қазақстандық тегін техникалық және кәсіптік білім алуға қол жеткізбек. Мұны 2021-2022 оқу жылымен салыстырып қарағанда, 25 мыңға көп. Сондай-ақ, осы бағыттағы жұмыстарды жандандыра түсу үшін кәсіпорындардың колледждерді шефтік қамқорлыққа алу тәжірибесін одан әрі дамыта түсу көзделуде. Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше дуалды білім беру жүйесін одан әрі кеңейту қолға алынбақ.

Осы тұста Ақмола облысындағы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан істерді саралап көруді жөн көрдік.

Бүгінде облыс көлемінде техникалық және кәсіптік бағытта білім беретін 32 колледж жұмыс істейді. Олардың 26-сы мемлекеттік болса, 6-уы жекеменшік. Мұндағы студенттер контингенті – 22 мың. Оның 17,5 мыңы немесе 80 пайызы бюджет қаражаты есебінен білім алады екен.

Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс көлемі өңірдің еңбек нарығындағы сұранысы бойынша анықталып жатыр. Маман кадрларды даярлау барысында еңбек нарығының қажеттілігі ескеріледі. Бүгінде 97 мамандық және 165 біліктілік бойынша экономиканың 10 саласы арқылы жүргізіліп келеді.

«Кәсібі бардың, нәсібі бар» демекші, техникалық және кәсіптік бағытта білім алып, қандай да бір мамандықтың иесі атанған түлектер өз кәсібінің игілігін көріп жүр. Бір ғана Ақтөбе облысының өзінде студенттердің 44 пайызы дүниежүзілік үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану, дәнекерлеуші, автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, радиотехника, электроника және телекоммуникациялар, электрмен

# КӘСІБІ БАРДЫҢ – НӘСІБІ БАР

жабдықтау, маркшейдерлік іс, пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту), жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары, пайдалы қазбалар кен орындарын ашық игеру, машина жасау технологиясы, машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету, сәулет, автомобиль жолдары мен аэродромдарды салу және пайдалану, темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы, ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану тәрізді инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы мамандықтары бойынша білім алуға.

Осы тұста кәсіптік және техникалық бағытта білім алған маман иелері жоғары білім алған мамандармен иық тірестіре отырып, есепті еңбек етіп, қоғамға өздерінің зор пайдасын тигізіп жүр. Ұлы ақын Абайша айтқанда, олардың әрбірі өз кәсібін тауып, «дүние кірзе мемлекет қалануда». Елімізде Мемлекет басшысының ұйытқы болуымен кәсіптік және техникалық бағытта білім беру ісіне жете көңіл бөлінгеннен кейін, жастардың қоғамға деген көзқарасы өзгеріп, санасында сілкініс пайда болғандай. Бүгінгі жастар «мемлекет маған не береді?» деп емес, «мен мемлекетіме не беремін?» деген ұстаныммен Отанға деген сүйіспеншілігі артып, адал еңбекпен нан тауып жүр. Қымбатшылық қыспаққа алған заманда мұның өзі зор қуаныш десе болғандай.

Осы ретте жата барысында атқарылып жатқан ілкімді істердің бір парасын тілге тиек етсек. Мемлекеттік тапсырыс құрылымында білім берудің техникалық және кәсіптік білім беру және орта білімнен кейінгі білім беру (қолданбалы бакалавриат) тәрізді екі деңгейі бөлінген. Қолданбалы бакалавриат шеңберінде техникалық бағыт бойынша кадрларды даярлау машина жасау технологиясының

қолданбалы бакалавры, автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, автомобиль жолдары мен әуеайлақтарды салу және пайдалану тәрізді мамандықтар бойынша жүргізіліп келеді. 2021-2022 оқу жылына инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына бюджеттік орындардың 49 пайызы жүргізілді. Ал, дуалды оқыту бойынша 440 кәсіпорын жұмылдырылған. Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын және дуалды оқытумен қамтылған студенттердің үлесі 22 пайызды құрап отыр. Бұл тұрғыда негізгі әлеуметтік серіктестер ретінде ірі кәсіпорындардың зор үлес қосып жатқанын атап өту ләзім. Олар: «Степногор» Еуропалық подшипник корпорациясы» АҚ, «Тыныс» АҚ, «Қазақалтын» тау-кен металлургия комбинаты» АҚ,

«Ст Агро» ЖШС, «НОВОПЭК» ЖШС, «Көкшетау жолдары» ЖШС, «РегионСтрой» ЖШС, «Алтыналмас» АҚ, «Степногор энергосервис» ЖШС, «Степногор Теплотранзит» ЖШС.

### КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІ ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУДЕ

Түркістан облысы Кентау қаласындағы «Кентау» көп салалы колледжінің 2018 жылғы түлегі Мақсат Тәліпханнан өз мамандығының қыр-сырымен бөлісуді сұраған едік.

– «Кентау» көпсалалы колледжінің «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының иегерімін. Біздің оқу орнымыз өзінің көп салалылығымен ерекшеленеді.

Мамандық таңдауда кәтөлеспеу керек екені белгілі. Бұл мамандықты таңдауымызның себебі

– елімнің бір азаматы ретінде сапалы әрі көрікті нысандардың бой көтеруіне өз үлесімді қосу. Ел дамуына осылайша өз септігімді тигізе алсам – азаматтық парызымның өтелгені, – деп білемін дейді бүгінде өзі дәріс алған оқу орнында «Құрылыс» мамандығының өндірістік оқу шебері болып қызмет атқаратын Мақсат Тәліпхан.

Бала күнінен сурет салуға бейім біздің кейіпкеріміз Мақсат Тәліпхан ес біле бастағаннан ақ әртүрлі көрікті нысандардың жобасын сызып, олардың қалай бой көтергенін елестетіп, бір сәт бала қиялына ерік беретін. Сол бала күнгі арманы орындалып, бүгінде осы құрылыс саласында студенттерге жол көрсетіп келеді.

Өз саласының кәсіби маманы атанған Мақсат Тәліпханнның бүгінде жеткен жетістіктері де жетерлік. Атап айтқанда, ол «Сырлау және әрлеу» құзыреттілігі бойынша Республикалық «WORLD SKILLS – 2019» чемпионатының алтын медаль, «EURASIA – 2020», «EURASIA – 2021» чемпионаттарының қола медаль иегері.

– Жетістікке жету, әлбетте, оңай емес. Кез келген биікті бағындыру үшін талмай еңбек етуге тиіссін. Сол сияқты маған да бұл бағытта тер төгуге тура келді. Колледж базасында көптеген компаниялармен бірлесе жұмыс істеп, өз шеберлігімді шыңдадым. Сондай-ақ Ресейдің Тольятти қаласында он күндік оқу бағдарламасынан өтіп, кәсіби біліктілігімді арттырдым. Бұл тұрғыда маған өзім білім алған Кентау көпсалалы колледжі базасының заман талабына сай жабдықталғаны да өз ықпалы тигізгенін атап өткен жөн, – дейді жас маман.

Талғат Тәліпхан «әрбір мамандықтың қиындығы мен қызықшылығы қатар жүреді» деген пікірге көзқарасын былай жеткізді:

– Егер адам өз мамандығын жүрек қалауымен таңдаған болса, онда ол қиындығымен қоса қабылдайды, қиындығымен қоса ұнатады деп ойлаймын. Мәселен, мен өз мамандығымның қиын тұсы бар дей алмаймын. Бүгінде студенттермен жұмыс істеп жүрмін. Олар болашақ – құрылысшылар. Менің жұмысым сырлау және әрлеу бағытында болғандықтан құрал жабдықтарды таныстырудан бастап, сырлау, атқару дейінгі аралықтағы еңбектерінің жұмыстарын барлығын тәжірибе жүзінде көрсетіп беремін. Өндірістік жұмыстар колледж базасында және құрылыс нысандарында жүзеге асып жатады. Бүгінде сырлау, әрлеу жұмыстарын заман талабына сай көркем етіп жасау үшін де көп іздену керек. Сондай-ақ, осы бағыттағы шеберлікті үнемі жетілдіріп отыру маңызды. Жұмыс барысында мен студенттерге өндірістік бағытта бағдар беріп қана қоймай, олардың өз саласы бойынша түрлі халықаралық жарыстарға қатысып, өз-өздерін көрсетуіне жол сілтеп, өздері жас маман Мақсат Тәліпхан.

Колледжде білім алып, өз кәсібі бойынша елге пайдасын тигізіп жүрген біздің кейіпкеріміз секілді жастар қоғамда жетерлік. Білім саласында санға емес, сапаға көп мән беріліп жатқандықтан, колледждердің білімді де білікті түлектерінің қарасы алдағы уақытта бұдан да көбейе түспек.





Қазақстанның саяси сахнасында өзіндік орны, қоғам алдында абырой-беделі бар «Ақ жол» партиясының құрылғанына биыл 20 жыл толып отыр.

Түрлі қиындықтардан өткен, тағдыры күрделі партияның бағындырған мерейлі белесінде бір сәт өткенге зер салып, атқарылған қыруар жұмысқа әділ баға берген дұрыс деп білеміз. Алаш идеясы, ұлттық экономикалық мүдде, әлеуметтік теңдік, жемқорлық және монополиямен күрес секілді көптеген өзекті де өткір мәселелерді басты назарда ұстайтын «Ақ жол» партиясының Мәжілістегі депутаттық фракциясы Парламенттің белсенділік рейтингінде көш бастап тұрғаны да заңдылық. Олай болса назарларыңызға «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевпен өрбіген өзекті сұхбатты ұсынамыз.

**Азат ПЕРУАШЕВ,**  
«Ақ жол» партиясының төрағасы, ҚР Мәжіліс депутаты:

# АЛАШ ИДЕЯСЫ

— Құрметті Азат Тұрлыбекұлы! Жұмыс кестеңіз қарбалас болса да, уақыт тауып сұхбат беруге келіскеніңізге алғыс білдіремін. «Ақ жол» партиясы елге еселі еңбек етіп жүргеніне биыл 20 жыл толып отыр екен. Құтты болсын! Бүгінде партияның Қазақстанның саяси арнасындағы орны қандай деп ойлайсыз?

— Енді «Ақ жол» партиясының саяси сахнадағы орны белгілі. Меніңше, еліміздегі ең беделді партияның бірі. Әсіресе, Қаңтар қасіретінде «Ақ жол» партиясы өзінің ұстанымы қаншалықты халыққа жақын, саяси бағдарламасының қаншалықты өзекті екендігіне тағы да көзіміз жетіп отыр. Мысалы, осыдан екі жыл бұрын қабылданған партиямыздың саяси бағдарламасында Тәуелсіздігімізге үлкен үш қауіп-қатер төніп тұрғанын айтқан болатынбыз. Бұл, біріншіден, әлеуметтік теңсіздік, яғни, байлақ мен кедейлер арасындағы айлақтардың күрт өсіп кетуі. Екіншіден, әділетсіздік пен жемқорлық. Үшіншіден, саяси және экономикалық монополия. Ел экономикасындағы ең табысты салалар мен бизнестер 162 адамның ғана қолында. Шағын және орта бизнес, қарапайым халық банкке қарызға бөлшеден хатып кеткен. Банкердің иелері де сол тізімнің ішіне кіретінін барлығы біледі. Кез-келген өндірістің үстінен бір монополистің мойны қылтып шығып тұрады. Мәселен, біздің партиямыз 2017-ші жылдан бастап теміржол тасымалына байланысты сауалды бірінші рет көтерген болатын. Біздің депутаттық сауалдарымыз бен Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін теміржолмен жүк тасымалдағаны үшін кәсіпкерлерден ақы алатын монополистердің тарифтерін 12 есеге төмендетті. Яғни, олар тарифті 12 есеге көтеріп тастаған. Енді біз сол теміржол бөліктерін оны пайдаланатын өндірушілердің өздеріне қайтару керек деген мәселені көтеріп отырмыз. Кезінде 2016-2017-ші жылдарда ол теміржол бөліктері соттың заңсыз шешімдерінен өндірушілерден тартып алынған болатын. Халықтың өміріне тікелей қатысты коммуналдық шаруашылық саласын алып қараныз, тіпті. Қызмет

көрсететін компаниялар мен тұтынушылардың арасында делдал болып, ештеңе тындырмаса да ақы алып отырған операторлар жетіп артылады. Оның барлығы тұрғындардың қалтасына қосымша ауыртпалық түсіреді. Міне, экономикалық монополия деген осы. Бұл үлкен мәселе.

Ал, саяси монополия деген не? Мысалы, дамыған елдерде билік партиясы екі-үш сайлау сайын өзгеріп тұрады. Ал, бізде қандай дағдарыс болса да билік партиясы ауыспайды. Сайлаулардың ресми нәтижесін көрсеніз, олардың көрсеткіштері 70 пайыздан төмен түспейді. Әрине, мұндай көрсеткіштерге көпшілік сенбейді. Саяси монополия деген осы. Түрлі жолдармен басқаларды билікке өткізбеу, не болса да билік үстінде қалып, мемлекеттің барлық қаржысы мен құзиретін өз қолынан кетірмеу. Ал, саяси жүйені өзгертпей, яғни, басқару жүйесін өзгертіп, жемқорлықты жоймай эгоцентризм көзгерістерді енгізу мүмкін емес. Яғни, осы монополияны сындырып ғана, әлеуметтік-экономикалық дамуға жаңа серпін, жаңа бағыт бере аламыз. Біз саяси бағдарламамызда бұл туралы айтқан болатынбыз: билік келісе де, қарсы болса да, түбегейлі өзгерістер басталады, себебі, оған жағдай да, халық та әбден пісіп жетілген. Сол өзгерістер биліктің өз басқаруымен жүргізіле ме, әлде, тәртіпсіз, аяқ асты түрде жүзеге аса ма, мәселе сонда ғана. Екі жыл бұрын айтқан осы сөздеріміз бүгінде шындыққа айналды. Яғни, «Ақ жол» партиясының саяси ұстанымы, көзқарасы өз өміршеңдігін, халық үнімен үндестігін айқын көрсетті.

«Ақ жолдың» басты ерекшелігі осы. Біз мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық жүйедегі кемшіліктерді құр айтып ғана қоймай, оны оңтайлы түйінді, түйткілі мәселенің түйінін тауып реттеудің жолдарын қоса ұсынамыз. Ия, парламенттік оппозиция болғасын көп ұсынымызды билік тындағысы келмейді. Келмегенмен «заманына қарай адамы» демекші, біздің бағытымыз дұрыс екенін уақыттың өзі дәлелдеп беріп кетер.

— Жаңа өзіңіз де бір тақырыптың шет жағын тарқатып бердіңіз. Сайлаудағы көрсеткіштердің

әділетсіздігі бар, сосын жалпы, партиялардың жұмысын электротар санымен бағалау қаншалықты орынды?

— Жасырып жабатыны жоқ, бұл қолдан жасалған нәрсе. Мысалы, кеше ғана Оңтүстік Кореяда президенттік сайлау өтті. Біреуі 49, екіншісі 48 пайыз дауысқа ие болған. Алысқа бармай көрші Өзбекстан мемлекетін алып қараңыз. Соңғы парламенттік сайлауда жеңіске жеткен партия 34 пайыз ғана дауысқа ие болған. Ал, біздегі 70-80 пайыз деген көрсеткіштерге кім сенеді? Сайлауда 99 пайыз көрсеткішпен жеңіске жету Солтүстік Корея, Сирия, Ливия секілді диктаторлық-тоталитарлық жүйедегі мемлекеттерге ғана тән. Тіпті, Ресейдің өзінде де «Единая Россия» партиясы 49 пайызбен жеңіске жеткен.

Сайлаудағы мұндай жалған көрсеткіштер қайдан шығады? Кез-келген облыс, қала, аудандардағы өкілдер билік партиясының филиалдарын басқарып отыр. Барлық мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік, коммуналдық мекемелер, тіпті, мемлекеттік сатып алумен күн көріп отырған кәсіпкерлер, барлығы «Нұр Отанға» мүше болуға міндетті. Студенттерді сайлауға жіберіп, дауыс берген бюллетендерін суретке түсіріп декандарға есеп беруге міндеттеген қаншама жағдайларға куә болдық. Бұл — зорлық! Бұл демократияға қарсы қылмыс. Жастарды алаяқтыққа итермелеу. Әлден осындай мемлекеттік деңгейдегі жалғандыққа араласуға мәжбүр болған жастар қалай өз елінің патриоты болады? Мұндай әрекеттер ұрпағымыздың болашағына балта шабу. Әділ сайлау — өркениетті келешектің кепілі.

Сондай-ақ, барлық мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары, телеарналар, газеттер, сайттар тек билік партиясын насихаттап, ал басқа партиялардың қандай да бір маңызды шаралары болса да, оны көрсетпеуге, жасырып-жабуға тырысады. Тіпті, әрбір мемлекеттік органның жанындағы «нұрбот» фермалары бар екені, олардың қызметіне бюджеттен миллиард-дар жұмсалатыны белгілі. Әрине, бұлар билікке не билік партиясына қарсы бірдене айтылса, қаптап та-

лайтынын жақсы білеміз, өзіміз де көргенбіз...

Ал, электоратқа келсек... Саяси партиялардың салмағы формалды тізіммен емес, қолдаушылардың санымен есептеледі. Тіркелген мүшелердің емес, шын қолдаушылардың санымен! Көптеген демократиялық елдерде саяси партиялардың мүшелер тізімін көрсету талабы да жоқ. Мысалы, «Ақ жол» партиясына өткен сайлауда 800 мыңға жуық адам ресми түрде дауыс берген. Ал, тіркеуден өткен 250 мыңнан астам мүшеміз бар. Міне, бұл партиямыздың саяси салмағының нақты көрсеткіші.

рымызды орындауға талай уақыт кетеді екен. Мысалы, 2012 жылы партиямыз Мемлекеттік тілдің қолдану салаларын кеңейту туралы заң жобасын дайындап, оны Үкімет өткізбей қойды. Сол секілді мемлекетімізге «Қазақ Республикасы» атауын қайтару секілді көптеген бастамаларымыз өз уақытын күтуде. Оған да қол жеткіземіз деген үмітім зор.

Осы секілді жетістіктерді жіктеп тауысу мүмкін емес. Біздің әрбір сауалдарымыз бен оның нәтижелері БАҚ-та тұрақты жарияланып отырады. Көзіқаракты жұрт оның бәрін біліп, көріп отыр. Оған қоса 2013 жылы «Ақ жол»

Бірақ, олда «Нұр Отанның» сайлау комиссиясы шығарған «нәтиже», ал, шын қолдаушыларымыздың саны одан да көп. Меніңше, біз сайлаудағы қолдаушылар санына сүйеніп, ресми тіркеулерден бас тартуымыз керек.

— Мәжілісте «Ақ жол» фракциясы құрылғанына 10 жыл болды. Осы уақыттан табуға негізгі мәселелердің шешімін қандай түрткі болды? Басты-бастысын атай кетсеңіз?

— «Ақ жол» фракциясының осы 10 жылда атқарған жұмысы қыруар. Ел алдындағы болсын, кәсіпкерлер алдындағы болсын өз міндеттемелерін адал, абыроймен орындап келеді.

Өткенде ғана тәуелсіз журналистердің Мәжіліс жұмысын сараптаған рейтингінде біздің фракция көш бастады. Парламенттегі ең нәтижелі депутаттардың көшін фракциямыздың депутаттары Серік Ерубасев пен Қазыбек Иса бастауда. Шындығында, фракциямыздың барлық депутатының белсенділігі жағдайы. «Ақжолдың» депутаттық сауалдары ұлттық экономика, кәсіпкерлер мүддесі, мемлекеттік тіл, Алаш мұрасы, спорт, білім, Қаңтар оқиғасының әділ зерттелуі, нәтижесі бойынша парламенттік тыңдау өткізу, бейбіт митингке шыққан жазықсыз жастарды босату секілді көптеген өзекті тақырыптарды қамтыған.

Атап айтсақ, Мемлекеттік пен Алаш ұлттық идеясын насихаттау, шағын және орта бизнесті қорғау, жемқорлықпен, халықтан ұрланған қаржыны офшорларға шығарумен күресу, демократия мен парламентаризм, әлеуметтік теңдік секілді бағыттар бойынша өткір тақырыптарды көтеріп келеміз.

«Ақ жол» фракциясының табанды күресі, өткір даулары нәтижесінде 2017 жылы он жылдық күрестен кейін қылмыстық кодекстен «жалған кәсіпкерлік» деген бап алынды. Осыған байланысты талай кәсіпкер түрмеден босатылып, мыңдаған бизнеске қатысты қылмыстық іс жабылды.

«Ақжолдың» 5 жылдық күресінің нәтижесінде 2018 жылы салықтық тексерулердің мерзімі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартылды. Бұдан да басқа талай ұсыныстарымыз іске асуда. Ал, кейбір өте маңызды бастамала-


фракциясы» Парламенттік оппозиция туралы. Ұзақ жылғы тартыстан кейін Мемлекет басшысының қолдауымен ол заң ақыры қабылданды.

— Тәуелсіз журналистер демекші, өткенде ғана өзіңізден сұхбат алған ютубтағы белгілі бір арна журналисінің «Президенттің жолдауы «Ақ жол» партиясының саяси бағдарламасымен үндес келеді екен» деп танданып, сізге сауал қойған сұхбатыңызды көріп ем. Жалпы, Президенттің саяси реформаларынан «Ақ жол» партиясы не күтеді?

— Ия, ол рас. Тіпті, бізге қарсы журналистердің өздері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауы «Ақ жол» партиясының саяси бағдарламасымен сәйкес келетіндігі туралы айтып жатыр. Бұл нені білдіреді? Яғни, «Ақ жол» ресми сахнада шын демократиялық ұстаныммен келе жатқан жалғыз партия. Оған қоса 20қан жылда талай тауқыметті бастан кешірдік. Біздің саяси бағдарламамыз нағыз демократиялық ұстанымдарды дамытуға арналған. Оның ішінде, парламентаризм, билік органдарының қоғам алдында есеп беруі, бір парламентке президентке көшу, Ассамблея квотасынан бас тарту секілді көптеген өзекті дүниелер бар. «Ақ жол» парламенттік жүйені, парламенттік республикаға көшу, ашық және әділетті сайлауды өткізуді қалайды. Мысалы, өткен аптада Президент өз Жолдауында біздің партиямыз бұрыннан көтеріп жүрген кейбір мәселелерді атқару жөнінде тапсырма берді. Соның ішінде, партиямыз 2019 жылдан бастап әкімдер билік партиясының филиалдарын басқармай, тек билік партиясына, яғни, бюрократияның мүддесіне емес, бүкіл елге, тіпті сол партияға қызмет етуі тиіс.

— Алаш демекші, «Ақ жолдың» Алаш идеясын насихаттаудағы үлесі зор екенін білеміз? Бұл бағыттарыңыз қазір елдің ұлтшылдық санасы күшейіп келе жатқанда күшейе түсе беруі үшін қандай жоспарларыңыз бар?

— Әрине, біз оны жалғастырып ғана қоймай, күшейтеміз де. Себебі, қазақ үшін Алаштан асқан идея жоқ. Қаншама жылдар бойы



# ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫНДА БАР

билік өкілдері «ұлттық идея» деп түрлі бағдарламалар әзірледі. Оның бәрі жыл өтпей ұмыт болып жатыр. Ал, Алаш идеясын кеңес үкіметі де, большевиктер де, қызыл әскерлер де жоюға тырысқанымен, ол уақыт өткен сайын елдің санасына сіңіп, халықпен бірге жасап келеді. Біз елді біріктіретін Алаш идеясын көтерген соң, маған жан-жақтан партия атауын «Алаш» деп өзгерту туралы ұсыныстар айтылып жатыр. Менің көзқарасым біреу — Алаш идеясы барша халыққа ортақ. Оны жеке иемденуге ешкімнің құқығы жоқ. Сол үшін біз ары қарай да Алаш туын биік көтеріп, Алаш идеясын насихаттауға бар қажыр-қайратымызбен қызмет етеміз.

— **1937 жылғы зұлматта Алаш идеясын ұстазын ұлан құрбан болған атаңыз Перуаш Кәрімұлының құжаттары табылғанда қандай сезімде болдыңыз?**

— Мен бала күнімде әкемнен «Неге атамыз жоқ?» деп сұрайтұнмын. Басқа балалардың аталары бар, соларға қарап қызғамыз. Әкем «Оны жаман адамдар түрмеде өлтірген» деп қысқа ғана қайыратын. О кісі өмір бойы жоғарғы сотқа, өзге де мемлекеттік органдарға атамыздың тағыдырына қатысты хаттар жолдаумен болды. Бір рет жоғарғы соттан «Перуаш Кәрімұлы реабилитирован по-смертно» деген жауап та келген.

Уақыт өте келе, мен Мәжіліс депутаты болып отырған кезімде, тиісті органға қайтадан хат жібердім. 2013 жылы күзде «Ақ жол» партиясының кезекті Президиумының басталуына жарғы сағаттай уақыт қалғанда теңіздің бір қазықері келіп бір құжаттар әкелді. Онда атамызға қатысты деректер табылғаны, онымен танысуға болатындығы туралы жазылған. Біз өзіміз үш ағайындымыз ғой. Барып таныстық. Сөйтіп, атамызға қатысты құжаттардың 70 жыл бойы нәліктен жасырын жатқаны белгілі болды. Олар бір топ болған екен. «Шайшық Олжабаев пен басқа да топтың қылмыстық ісі» деп

аталған екен іс. Жеті адам, менің атам ең жасы болған екен. Олар Алаш арыстарының идеясын насихаттап, шығармаларды таратқан. Істі жүргізген тергеуші «Ұлтшылдық пен контрреволюциялық, антисоветтік әректі үшін. Алашорда стихиясын таратқан» деп айыптау жазған екен оларға. Яғни, басуға келмейтін, табиғи күшке ие қозғалыс болған. Өте дұрыс атап көрсеткен, меніңше, тергеуші. Себебі, Алаш идеясы әр қазақтың қанында, тегінде, рухында бар.

Мен Ресейде оқыған кезімде Роберт Конквест деген америкалық зерттеушінің «Жатва скорби» атты Қазақстанда болған ашаршылық туралы кітабы қолыма түсті. Онда алашорда арысы Смағұл Сәдуақасұлы туралы деректер келтірілген. Сөйтіп, Алаш тақырыбымен қызыға бастадым. Ал, «Ақ жол» партиясына келгелі бұл идеяны насихаттауды бірден қолға алдым. Себебі, мен үшін Алаш идеясы жай ұран емес. Өз атам Алаш идеясы үшін құрбан болғанын, бұл идеяға қызмет ету біздің әулетіміздің борышы.

Қазақта «Әкең өлсе де, әкенің көзін көрген өлмесін» деген ұлағатты сөз бар ғой. Өкінішке орай, атамның көзін көрген, оның сүтпен жазылған дастанын көзінің қарашығындай сақтап бізге жеткізген шәкірті Бикүл апамыз екі жыл бұрын дүниесіз болды. Соңғы шәкірті Амантай ақсақал да жақында ғана қайтыс болды. Амантай ақсақал Малтабар ауылындағы мектепке Перуаш Кәрімұлының есімін беруге өзі ұйытқы болған. «Ауылда алғаш мектеп салып, елуіне білім нұрын алып келген Перуаш Кәрімұлы еді» деп өсиет айтқан еді. Осы асыл кісілердің көзін көру, талай кездесіп, әңгімелесу бақыты бұйырды маған.

— **Парламенттегі халық үшін білдіріп отырған конструктивті оппозициялық «Ақ жол» партиясының 20 жылдығына орай айтар тілегіңіз?**

— Партиямыздың барлық бүгінгі де бұрынғы мүшелерін

құттықтаймын. Сіздердің еңбектеріңіз, ерліктеріңіз бүгінгі заманда, алғашқы жылдары «Ақ жол» белсенділері талай қысым көрді. «Ақ жол» партиясы парламенттік дәрежеге ие болып, 2012 жылы партия ардагерлерін мемлекеттік наградаға ұсынған болатынбыз. Сөйтіп, Президенттің Жарлығымен партия құрылуының басы-қасында жүрген екі азамат «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Соның ішінде, Талдықорғанда Құдайберген есімді партия ардагеріне медаль тапсырдым. Оның сол кезде айтқан сөзі әлі есімде: «Заман өзгеріп бара жатыр дегенге көзім жетіп отыр. Он жыл бұрын бізді кудалап, қолымызға кірсеңіз, темір торға қамап еді. Қазір сол үшін бізге мемлекеттік наградалар табыстап отыр» деп еді. Расында да, партияның жолы оңай болмады. Түрлі даулар орын алды, партия екіге бөлінді, өзге партиямен бірігіп, қайта бөлінді, талай қиындықтардан өтті. Сондықтан, партияны құрған адамдарға да, түрлі себептермен адамдардан шығып кеткендерге де, кейіннен қатарға қосылғандарға да, бөліп-жармай, барлығына алғыс айтамын. Осы партияның құрылуы басында тұрған біраз адам қазір де «Ақ жолдың» жетекші органдарында бар.

Мен партия басшысы болғалы мақсатым оның тандаған жолын кеңейтуге, дамытуға ғана бағытталды. Әрине, көптеген жаңашылдықтарды, Алаш идеясы, кәсіпкерлікті қолдау секілді бағыттарды соңғы.

Әсіресе, соңғы Қантар оқиғасы партиямыздың ұстанымы, жолы дұрыс екендігін көрсетіп отыр. Барша «Ақ жолдықтарға» осы жолдан таймай, табанды еңбек етіп, еліміздің дамуына ортақ үлесімізде қосуға шақырамын. Ақ жол!

— Ракмет сұхбатыңызға!

Сұхбаттасқан  
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ  
Қазақ үні

## ҰЛТ ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАЙ БІЛУ – ҰЛТТЫҒЫМЫЗДЫ БІЛДІРЕДІ ҚОСТАНАЙ ӘУЕЖАЙЫ АХАҢ АТЫНДА БОЛАДЫ

Арқыраған ақпанның аяғында Аханның 150 жылдығы мерейтойын ашып келдік. Он күн ел аралауымыздың аяғы Аханның туған өлкесіне жалғасты. 28 ақпанда Қостанайда ұлт ұстазы, Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының ЮНЕСКО аясында тойланатын 150 жылдық мерейтойының ресми ашылу салтанаты өтті.

Қостанай облысы әкімі Архимед Мұқанбетовпен кездесіп, еліміз елендеп отырған мерейтойдың барысы жөнінде сөйлестік. Әкім той туралы тоыққанды ақпарат берді.

Аханның 150 жылдығына байланысты Үкімет басшысы орынбасары Е.Тоғжановқа «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын жолдағаны белгілі. Оның ішінде Алаш көсемдері Ахан мен Жаханның туған ауылдарына баратын жол жоқ екендігін жазып, барлығы 17 ұсыныс жасағанбыз. Олардың көбісі орындалып жатқаны туралы вице-премьердің жауабы да келген.

Біздің депутаттық сауалдан кейін Қостанай облысының

көтерілген мәселелерді де қолға алып жатқандарын айтты. «А.Байтұрсынұлы туған үйді қалпына келтіруге облыстық бюджет есебінен қаражат бөлінді. Оны жаңғыртып, музей үйге айналдыру жоспарланып отыр» деді. Сондай-ақ, Орынбор қаласында Аханның ескерткішін орнату мәселесін демеушілер арқылы шешуге тырысып жатқандарын жеткізді.

Әкімнің айтуынша, біздің көтерген депутаттық сауал бойынша облыс орталығындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілу туралы ұсыныс облыстық мәслихат депутаты тарапынан өз қолдауын тауып жатыр екен. Әуежай әкімшілігі де өз келісімін берген. Бұл тура-



әкімі Архимед Мұхамбетов Жангелдин ауданына, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы ауылына барып, елмен кездесіп қайтқаны белгілі. Аханның тойына арналып істеліп жатқан іс-шараларды, оның ішінде жол салу басталғанын баяндап, жұрттың ой-пікірін, ұсыныстарын тыңдап, маңызды мәселелерді орындауға уәде етті. Ал ең бастысы— Ахан ауылына ең басты жолды күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары шешімін тауып отыр.

«2022 жылдың бюджетін бекіткен кезде жолдың 11,4 шақырымын жөндеуге 450 млн теңге бөлінген болатын. Қазіргі уақытта одан әрі қарай жол салу үшін құжаттама әзірлеуге қаражат бөлінді. Құжат дайын болған бетте, жұмыстар басталады. Ол мақсатта қосымша 1,5 млрд теңге қарастырып отырмыз, бұл шамамен 21 шақырым жол төсеуге жетеді. Қаржы шешіліп тұр. Ал көктемдегі бюджетті қайта пысықтау кезінде қалған шақырымдарға қаржы сұраймыз деп отырмыз» деді Архимед Бекежанұлы.

Республикалық «Қазақ үні» газеті мен ұлттық порталында біздің «Ұлт ұстазын ұлықтауға қарсы қоғамдық кеңесті таратып жіберу керек» деген мақаламызда

лы облыстық мәслихат хатшысы, руханиятқа қамқор болып жүретін қазақ Сайлаубек Ешанов та растады. Ал кеше облыстық мәслихат Қостанай қаласындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлының атына беруді қолдап, бекітті. Енді республикалық ономастикалық комиссияның шешімі ғана қалды.

Құдай қаласа, Аханның тойына алыс-жақыннан ағылған қонақтарды Қостанайда ұшақтан түскен бетте әуежайда «Ахмет Байтұрсынұлы» деген айшықты жазумен Аханның өзі қарсы алып тұрса қандай ғанибет!

Мерейтой мәселесінде аймақ басшылығы барынша қимылдап жатыр екен. Халық үніне құлақ түре білген облыс әкімі Архимед Бекежанұлына алғыс айтамыз. Енді сол уәделердің барлығы орындалсын деп сенейік.

Ұлыларымызды ұлықтамаймыз.

Жалпы, Ахан еліндегі сапарымыз туралы толық ақпаратты облыстық «Қостанай таңы» газетінде жазылған хабар мен журналист Қыдырбек Қиысханға берген сұқбатымыздан оқуға болады.

Қазыбек ИСА  
ҚР Парламенті  
Мәжілісінің депутаты

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Менің ұлым, Қорғаныс министрлігінің Заң департаментінің бұрынғы басшысы Ермбет Ерболат жазықсыз қатаң жазаланғаны үшін ҚР Президенті Сізден көмек сұрап отырмын.

Сот бір жылдан асқан тергеу амалдары нәтижесінде оған нақты дәлелсіз жаптым жала, жақтым күйе әдісімен, өрескелдікке жол беріп, жаза белгіледі. Заң бірнеше рет бұзылды, ауыр жаза тағайындалды. Істі қарау барысында бірнеше өрескел қате жіберілді, сот адвокаттардың уәжін зорлықпен ескерусіз қалдырды.

Сөйтіп, өмірінің 20 жылын адал мемлекеттік қызметке арнаған

деп, тіпті іспен толық таныспай шешім шығарғаны мәлім болып отыр.

**Апелляцияға бергенімен, сот ұлымды 7,5 жылға бас бостандығынан айырған. Оның үстіне, сот Е.Ермбетке Қорғаныс министрлігінде заң департаменті директоры болып істегенде қызметтік міндеттеріне мүлдем кірмейтін нәрсе үшін жаза тағайындаған.**

Бұл абсурд, өйткені мұндай жаза кісі өлтірушілерге, террористтерге немесе халықтың миллиондаған ақшасын ұрлағандарға беріледі. Пара алу фактісі жоқ, үкімнің барлығы болжамға негізделген. Құрметті Мемлекет басшысы! Президент Әкімшілігінің тиісті бөлімдеріне және Бас прокуратураға

қызыл дипломмен бітірген (2001) мамандығы — «Құқықтану» Құқық тақырыбында, атап айтқанда, прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру саласына қатысты жарияланған 5-тен астам мақаланың авторы. Қазақ, орыс және ағылшын (сөздіктің көмегімен) тілдерін біледі.

2001 жылдан — Орал көлік прокурорының көмекшісі. 2003 жылдан — Талдықорған көлік прокурорының көмекшісі. 2004 жылдан — Оңтүстік-Шығыс аймақтық көлік прокуратурасының мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалау бөлімінің прокуроры, 2005 жылдың қаңтар айынан — Алматы авиациялық

тады. Сондай-ақ «Прокуратура озаты», «Әділет органдарының үздігі» тосбелгілері берілді. ҚР Президентінің 2018 жылғы 21 қарашадағы Жарлығы бойынша Ермбет Ерболат «Астана 20 жыл» мерекелік медалімен наградталған.

#### АРАША СҰРАЙМЫЗ ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!

Хош... Қорғаныс министрлігінің Заң департаментінің бұрынғы басшысы Ермбет Ерболат жазықсыз қатаң жазаланғаны үшін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтан көмек сұрап, бейнеүндеу жасады дедік. Newsroom.kz порталы inbusiness.kz сайтына сілтеме жасап мына

# СИЗО-дан ХАТ.

## ПРЕЗИДЕНТТЕН АРАША СҰРАЙМЫЗ!

менің ұлым Ермбет Ерболат заңсыздықтың құрбаны болып отыр. Бұған судья Қайыров А. М. «ерекше» еңбек сіңірді. Керек, соқыр, мылқау, білімсіз адам түсінетін нақты дәлелдер, күлкілі жағдайда істе керісінше көрініс тапты.

Іс бойынша шалағай бұра тарта жүргізу, куәлер сөзін бұрмалау, дәлелсіз фактілер қосу т.б. «мақсатты түрде бір «жүндес қолдың» нұсқауымен, жеке бастың ішкі кек қайтару ниетімен, айыпты жасап шығару өрескел жүргізілді. Орысша білмейтін куәға қол қойдыру (Әбдімәуленов т.б.), ішкі істер саласы қызметкерін (Жұмаханов Әділет Әділжанович, оперуполномоченный УП г. Темиртау) понятий — куә ету сияқты заң бұзушылықтардан, жалған куәлік беруден аяқ алып жүре алмайсыз. Қолдан жасалған істің әр беті — жалғандыққа, арсыз жала жабуға толы.

#### КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АБСУРД (Ермбет Ерболаттың бейнеүндеуінен)

Құрметті Президент мырза! Мен генерал емеспін, жоғары лауазымдық қызметтерді атқарған жоқпын. Менің өмірбаяным — еліміздің өркендеуіне үлес қосқаны менің, жұмысым адал атқаратын мемлекеттік қызметкер екенімнің куәсі. 20 жыл мемлекеттік қызметті атқардым. Оған өкінбеймін — деп бастады ұлым өзінің бейнеүндеуін.

**Сіз Президент мырза, «Qazaqstan» телеарнасында берген сұхбаттыңызда «құқық қорғау жүйесі «шаш ал десе, бас алу» қағидасымен жұмыс істеп жатқаны» айтқан болатынсыз. Міне, Сізге айқын, «тыржалаңаш» дәлел, факті.**

Ұлым Ермбет Ерболатты судья Қайыров А. М. айыпты деп танып, 8 жылға бас бостандығынан айырған. Ал жала жапқан 2 адамға, атап айтқанда, біреуі бұрын парақорлық үшін сотталған (Байжұманов Жан-дос Ергалымович) және тергеуге тәуелді адамға (Исенов Тимур Шарипович), судья ең төменгі жаза тағайындады (50-70 миллион теңге айыппұл). Бұл Қылмыстық кодекстің 367-бабында көрсетілген ең төменгі шекті мәннен 6-8 есе төмен. Судьяның (Қайыровтың) әлдебіреудің қысымнан ба, қызығушылықтан ба, акты-қара

ұлымның ісін қарап, зерделеуді, объективті құқықтық баға беруді тапсырсаңыз, ұлымның және менің сөздерімнің шынайы екенін көресіз. Соттың қызметіне араласуға болмайтынын түсінемін.

Дегенмен, Президент мырза Жоғарғы соттың конституциялық сатысына орынды бағыт-бағдар беріп, назар аударуыңызды сұраймыз.

Президент мырға, Сіздің адами және заңды араласуыңызбен қаңтар оқиғасынан кейін тұтқындалғандардың 1/3 бөлігі бостандыққа шығып, көпшілігінің жазасы жеңілдетілген. Халық мұны әділеттің орнауы, Президенттің даналығы деп қабылдады.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Біз Сізге сенеміз. Көп балалы, әрі жас отбасына араша түсінуіңізді өтінеміз.

#### Құрметті Президент!

Менің Әке ретінде айтарым ешқашан ешкімнің алдында балаларыма берген өз тәрбием үшін ұялмаймын. Ұлым еш жерде, ешқашан мені ұятқа қалдырмайды.

**Өйткені, ұлымды адал нан табуға, біреудің ала жібін аттамауға үйреттім, өз қазақ халқымыздың ең жақсы дәстүрлерімен тәрбиеледім.**

Кредитке алынған үйде тұратын, жалақымен ғана күн көрген, пара алмаған, дін жолын таза ұстанған, көп балалы адал перзентімнің — ұлтжанды мінезбен туған Қазақстанымыз үшін қуана білетін — алда да адал еңбек ететін ұлымның «таныссыз», «парасыз», «көкелерге сүйенбей» таза білімімен өмірден үйрене жүріп атқарған қызметтерінен мақтаншын ете отырып мәлімет берейін.

Ермбет Ерболат Мылтықбайұлы 1980 жылы 12 маусымда Шымкент облысы Мақтаарал ауданының Жетісай қаласында туған. Қазақ.

Әкесі мен — Ермбетов Мылтықбай Мамытұлы. Жазушылар одағының ҚР Журналистер одағының мүшесі, 50-ден астам көркем және ғылыми еңбегі бар, 20-дан астам кітабы жарық көрген. Анасы — Ермбетова Маржанкүл Мұсаханқызы, педагог. А. С. Пушкин атындағы Ұлттық кітапханада кітапханашы болып еңбек еткен. Қазір — марқұм.

Қазақ мемлекеттік заң академиясының кәсіпкерлік-құқықтық факультетін үздік

көлік прокурорының көмекшісі. 2005 жылдың қазан айынан — Алматы қалалық прокуратурасының Мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалау жөніндегі басқармасының бас прокуроры. 2007 жылдан — ҚР Бас прокурорының көліктегі заңдылықты қадағалау бөлімінде, «ҚазТрансойлсервис» мекемесінің департамент директоры.

2009 жылдың желтоқсан айынан Заң министрлігінің Аналитика және департаменті директорының орынбасары, Ақмола облыстық көлік тасымалын қадағалау департаменті бастығы. Әскери атағы — капитан. Діни көзқарасы — ислам.

Қазақстанның болашағы жайлы болжамы да жарасымды: «мемлекетіміз әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің демократиялық, зайырлы және жоғарлы мемлекет құрудағы ТМД мен орталық Азияның көшбасшысы болады» деп нық сеніммен айтады. Ақпараттық технологияны зерттеу мен футболмен айналысады. Сүйіп оқу әдебиеті классика, мемлекет және саясат қайраткерлерінің тарихтағы — естеліктері. Үйленген. Жұбайы Өтемісова Гүлдана Бөртаяқызы (1981 ж.т.) АТФ Банк ақы бөлімінің бастығы болып істеді. Балалары — қызы Ермбет Фатима (2005), ұлы Ермбет Әділхан (2008), Ермбет Биғаным (2011), Мылтықбай Ақсұлтан (2020).

Марапаттары үздік ұсыныстары, мақтаулы қызметі үшін: Танытқан ынта-жігері, бастамасы, жауапкершілігі, лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны үшін және ҚР Қарулы Күштері командирлерінің (бастықтарының) тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары институтының құрылғанына 27 жыл толу құрметіне Ермбет Ерболатты мақтан-майор Н. Ермекбаевтың грамотасымен марапатталды. Ал, Құрылымдық бөлімшенің қызметіне шебер басшылық жасағаны, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде танытқан ынта-жігері мен дұрыс бастамасы үшін Ермбет Ерболатты Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары — ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-лейтенант М. Бектанов марапат-

деректерді келтіреді. Сот бір жылдан асқан тергеу амалдары нәтижесінде Ермбет Ерболатқа нақты дәлелсіз ауыр жаза тағайындаған. Істі қарау барысында бірнеше өрескел қате жіберілгенімен, сот адвокаттардың уәжін ескерусіз қалдырған. Өмірінің 20 жылын адал мемлекеттік қызметке арнаған экс-шенеулік заңсыздықтың құрбаны болып отыр. «Менің басымнан өткен соңғы оқиғалар ешқандай ақылға қонымсыз. 5 министрмен жұмыс істедім, прокуратурада жұмыс істедім. 2019-2020 жылдары Қорғаныс министрлігінде Заң департаментінің басшысы болып жұмыс істеген кезде біз жаңа алгоритм әзірледік, соның арқасында мемлекеттік сатып алулардың ашықтығы 70 пайызға артты. Нәтиже бірден көрінді. Атап айтқанда, жеткізушілер саны бес есеге өсті. Бюджетті үнемдеу 4 млрд теңгені құрады. Бірақ бұл шара Бас әскери прокуратураға ұнамады. Артынша олар сот арқылы бұл алгоритмді ішінара жойды. Осы оқиғадан кейін Әскери прокуратураның мені қудалауы басталды. Министрдің орынбасары екеуміздің телефондарымыз тыңдалды. Алайда олар бірде-бір заңсыз факті мен әрекетті таппаса да, менің үстімнен «пара алды» деген айыпты қылмыстық іс қозғады», — дейді ұлым өзінің бейнеүндеуінде. **Жуырда Президент Qazaqstan телеарнасына берген сұхбатында «құқық қорғау жүйесі «шаш ал десе, бас алу» қағидасымен жұмыс істеп жатқаны» айтқан болатын.** Ұлым Ермбет Ерболатты да судья А. М. Қайыров айыпты деп танып, 8 жылға бас бостандығынан айырған. Ал жала жапқан 2 адамға, атап айтқанда, біреуі бұрын парақорлық үшін сотталған Байжұмановқа және тергеуге тәуелді адамға Исеновке, судья ең төменгі жаза тағайындады (50-70 миллион теңге айыппұл).

Бұл Қылмыстық кодекстің 367-бабында көрсетілген ең төменгі шекті мәннен 6-8 есе төмен. Бейнеүндеу авторы апелляцияға бергенімен, сот оны 7,5 жылға бас бостандығынан айырған. Оның үстіне, сот Е. Ермбетті міндеттеріне мүлдем кірмейтін нәрсе үшін жаза тағайындаған. «Бұл абсурд, өйткені мұндай жаза кісі өлтірушілерге, террористтерге немесе халықтың миллиондаған ақшасын ұрлағандарға беріледі.

Пара алу фактісі жоқ, үкімнің барлығы болжамға негізделген. Құрметті Мемлекет басшысы! Президент Әкімшілігінің тиісті бөлімдеріне және Бас прокуратураға менің ісімді қарап, зерделеуді, объективті құқықтық баға беруді тапсырсаңыз, менің сөздерімнің шынайы екенін көресіз» — дейді ұлым Е. Ермбет. Еске сала кетейік, Мемлекет басшысының араласуынан кейін тұтқындалғандардың 1/3 бөлігі бостандыққа шығып, көпшілігінің жазасы жеңілдетілген болатын. «Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Мен Сізге сенемін. Араша түсуіңізді өтінемін», — деп аяқтаған өз сөзін Е. Ерболат.

#### ХАТ КӨП ҚАЙШЫЛЫҚТЫҢ БАСЫН АШАДЫ

Қазақстан Республикасының  
Президенті Қ-Ж. К.  
Тоқаевқа Ермбет Ерболат  
Мылтықбайұлынан ЕЦ-166/1  
мекемесінен Яғни, Сизодан  
жазылған хат.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Менің атым — Ермбет Ерболат. Елорда түрмесінен жазып тұрмын. Сізге бұл жолдауым — менің жанайқайым. Тиісті бейнежазба БАҚ беттері мен әлеуметтік желіде жарияланады. Себебі бұған дейін Сізге жолдаған хаттарыма мардымсыз жауаптар келуде.

Құрметті Президент мырза! Елімізде заңның үстемдігі бар деген үмітпен және өзімнің Конституциялық құқықтарымды қорғау мақсатында Сізге жүгініп отырмын. Сіздің «Естуші мемлекет» қағиданысыздың жұмыс істеуі қажет екеніне сенімдімін.

Ел астанасының түрмесінде отырғаным жылдан асты. Шектелулер мен тәуекелдердің салдарынан қысқа жазуға мәжбүрмін.

Менің басымнан өткен соңғы оқиғалар ешқандай ақылға қонымсыз. Бес министрмен жұмыс істедім, еңбек жолымды прокуратура органдарынан бастадым. 25 жасыма бір банктің капиталын шет елге алып шығудың жолын кескен топты басқардым.

2010-2011 жылдары Әділет министрлігінде істей жүріп кол-центр аштым, ол осы күнге дейін жұмыс істейді, азаматтарға құқықтық мәселелер жөнінен кеңес береді. 119 бірыңғай нөмірі құрылған. Бұл АҚШ-тың «911» нөміріне ұқсастырылып жасалды.

2016-2017 жылдары сыбайлас жемқорлық тәуекелі үлкен орган — Ақмола облыстық Көліктік Жұмысымды инспекторлардың жолдағы қызметін интернет арқылы онлайн-режимде трансляциялаудан бастадым. Бұл — сыбайлас жемқорлыққа қарсы үлкен шара еді. Дегенмен мен кеткеннен кейін бұл шара жұмыс істеген жоқ.

Ары қарай 2019-2020 жылдары Қорғаныс министрлігінде Заң департаментінің басшысы болып жұмыс істеген кезде біз жаңа алгоритм әзірледік. Соның арқасында



мемлекеттік сатып алулардың ашықтығы 70 пайызға артты. Нәтиже бірден көрінді.

Құрметті Президент! Сыбайлас жемқорлықпен күресу керек екенін түсінемін. **Менің үстімнен қозғалған іс – Талдықорғандағы азаматтың арқасына үтік басқан секілді заңсыз қозғалып, заңсыз тергелген іс.**

Сіз өз сөзіңізде мемлекеттік қызметкер шешім қабылдағанда кезінде оның бюджет қаржысын ұрлау немесе параның есебінен баю пиғылы болмаған болса, онда қылмыстық жауапкершілік мәселесі қойылмауы қажет екенін айтып едіңіз. Қылмыстық жауапкершілік сыбайлас жемқорлық қылмысын қасақана жасаған шенеуніктерге қатысты болуы керектігін мензеген болатынсыз. Менің ісімде пиғыл болмақ түгілі факті де жоқ. Тінту кезінде менен табылған ақша қарызға алынған болатын. Барлық құжаттар сотта көрсетілді, куәгерлер тыңдалды. Ешқандай дәлел, куәгердің көрсетпесі, менің құқық бұзу әрекетім жайлы аудио және бейнежазба келтірілген жоқ.

Сондықтан, құрметті Президент, Сізден көмек сұраймын!

Мән-жайлардың осындай шалағай, қолдан жасалған, кей жері ойдан шығарылғанына қарамай, судья Каиров айыптау үкімін шығарып, маған 8 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Ал пара беруші екі адамға, нақтырағы маған жала жапқан екі адамға (біреуі бұрын пара алып сотталған), қылмыстық қудалау органдарына тәуелді екеуіне судья Каиров ең жеңіл жаза қолданды, яғни оларға 50-70 млн теңге айыппұл тағайындады. Қылмыстық Кодекстің 367 бабында көрсетілген ең төмен шектен 6-8 есе төмен. Мұнда айыпталудың ұстанымы түсініксіз болды. Яғни мені 12 жылға бас бостандығымнан айыруды, ал пара беруші екі адамды 7 жылдан бас бостандығынан айыруды сұрап, үкімнен кейін қарсылық келтірілмеді. Судья мен прокуратураның ұстанымдары едәуір алшақ екенін көріп отырмыз. Осындай алшақтық пен ұстанымдар

жайлы Сіз өзіңіздің 2021 жылғы қыркүйектегі халыққа арнаған Жолдауыңызда айтқан едіңіз. Осыны реттеуді тапсырған болатынсыз.

Көріп отырғанымыздай, реттеліп жатқан ештеңе жоқ. Әрбір екі істе судья мен прокуратура органдарының ұстанымдары екі жаққа қарап кетіп жатады. Бұған жай ғана салыстыра отырып көз жеткізуге болады. Бізде бір Қылмыстық-процессуалдық кодекс пен бір ғана Қылмыстық кодекс бола тұра осындай жайттарға жол беріледі.

Құрметті Президент! Мен процедураны сақтаймын және апелляциялық инстанцияға сен отырып, екінші инстанция жан-жақты әділ қарайды деп ойладым.

Бірақ әскери сот үш рет қана отырыс өткізді және бір де бір бұзушылықты ескермеді. Тінтуге қатысқан куәгердің (Жұмахановтың) полиция қызметкері екенін және оның тарапынан жасалған қылмысты судьялар жасырғанына назар аударылған жоқ.

Осыған байланысты маған 7,5 жылға бас бостандығымнан айыру жазасы айқындалды. Мұндай мерзім ақылға қонбайды. Мұндай мерзім кісі өлтіргендерге, террористерге немесе халықтың ақшасының миллиондаған сомасын жымқырғандарға қолданылады.

**Құрметті Президент! Президент Әкімшілігінің тиісті бөлімдеріне немесе Бас прокуратураға менің ісіммен танысуды, қарауды, жан-жақты баға беруді тапсыруыңызды сұраймын. Сонда менің шын айтып отырғаныма көз жеткізесіз.**

Соттың жұмысына араласпау керек екенін түсінемін. Мен тек Сіздің ақылға қонымды бағыт беруіңізді және менің ісімнің Жоғарғы соттың Кассациялық сатысында қаралуын сұраймын. Қайғылы қаңтар оқиғасынан кейін сот шешімімен қамалғандардың үштен бірінің босатылуы немесе жазасы жеңілдетілгені Сіздің ақылға қонымды бағыт беруіңізден кейін болғанын халық көріп отыр, Сізге сеніп отыр.

Менің ісімді қайта қарауға тапсырма беруіңізді тағы да сұраймын. Преституцияның за, Сіз Қылмыстық кодекстің кепілісіз, мен Сізге сенемін. Сіз жазықсыз жандарды қорғайсыз.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Бұл тұрғыда екі жағдайды айтқым келіп отыр:

1. Біріншісі қазақ елі бар-жоғы 10 млн халықпын. Оның еңбекке жарамдысының жартысы 30 жылдың ішінде сотталған болып есептеледі. Қаншама ақылды, жас қазақ азаматтары түрмеде тағдырлары күйіп кетіп отыр. Тағдырлары не болады, болашағы не болады?

2. Екіншіден, қазақстандық бір азаматты шетелде ұстаса, оның құқығын қорғау үшін, оны сол соттан алып шығу үшін мемлекет бар күшін салады. Бұл әрине жақсы, бұл керек. Бірақ өзіміздің ішімізде, өзіміздің Қазақстанымызда қаншама Қазақстан азаматының құқықтары тапталып жатыр. Сонда бұл көзбояушылық па, жоқ әлде жәй имидждің жұмысы ма? Сондықтан бұл құқықтық жүйені қайта қарау керек сияқты. Бұның бәрін айтып жатқан себебім, өзім үшін ғана емес, ұлғана-мын. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Мен сізге сенемін. Араша түсуіңізді өтінемін. Аман болыңыз! Құрметпен, Ерімбет Е.М.

Сөз соңында айтарым...

**Міне, осылай! Арыздар, адвокат жазған, ұлымның жұбайы келінім қоғамдық қорғаушы ретінде, әкесі ретінде мен жазған арыздар мен өтініштердің барлығы аяқсыз қалып, футбол добындай тепкіленуде.**

**Көзбояушылық емей немесе?!**

**Құрметпен – жазықсыз жәбірленушінің Әкесі, араша сұраған арыз иесі – Мылтықбай Мамытұлы Ерімбетов, ҚР құрметті журналисі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Мақтарал ауданының Құрметті Азаматы, II-топ мүгедегі.**

22.03.2022ж.

■ MASELE

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қапшағай қаласының атауын өзгертуді қолдайтынын мәлімдеді. «Абай мен Ұлытау, Жетісу өңірлерінің атаулары ерекше маңызға ие. Мәселен, Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті Дінмұхамед Қонаевтың есімімен байланысты. Қапшағай қаласына Қонаевтың атын беру туралы ұсыныс түссе, мен бұл ұсынысты қолдаймын», – деді Президент.

# ҚАПШАҒАЙ АТАУЫН ӨЗГЕРТКЕН ДҰРЫС ПА?!

Біріншіден, Президентке елдің көңіл-күйі мен қоғамдағы талқыға түсіп жатқан тақырыптар туралы нақты кім мәлімет жеткізіп отыратынын мен жобалап білемін. Ал, елімізде Қонаев атын ұлықтауды сұрап, Қапшағайға оның есімін беруді көтеріп жүрген үлкен бастамашыл топтардың барын Президенттің өз аузынан бірінші рет естіп отырмын. Ия, Қапшағай қаласының атауын Қонаев деп өзгерту туралы бірді-екілі белгілі тұлғалардың сұхбатынан оқығаным бар. Бірақ, жалпы ұлттық деңгейдегі талқылау ешқашан жүрген емес. Мәселен, халық ішінде Петропавл мен Павлодар қалаларының атауларын өзгерту немесе Семей қаласын «Алаш» деп атау туралы ұсыныстар көп. Және бұл шын мәнінде халықтық деңгейде, кемі он жыл бойы талқыланып келе жатқан тақырып. Сол секілді Солтүстік өңірімізге көз аларымыз екі елдің арасына сына қапыр жүрген саясаткерлердің барын ескерсек, және Солтүстігімізді шұғыл қазақтандыру қажеттілігін ескерсек, онда Торғай облысының құрылуы ауадай қажет еді. Қапшағай атауын өзгертуден бұрын осы мәселелерге қоғам әлдеқайда көп үн қатып, талай жылдан бері талап етумен келеді.

қалмақша «һавшун» - «батылдык, ер жүректік», ал «хавчг» тұлғалы сөз біздегі «аңғар, сай» мағыналарын білдіреді. Ертедегі түркі тілдерінде кездесетін «қапчак» сөзін де естен шығаруға болмайтын сияқты. Өйткені оның берер мағынасы – «салаларымен қосыла отырып, өзеннің құйылатын жері».

Ең басты мәселе, ол біздің ұлттық менталитетте. Біз «Ов», «Ев» деген құлдық жалғаулардан құтыла алмай жүргенде, енді қалаларымызды ҚонаЕВ, СатпаЕВ деп атаған қаншалықты дұрыс? Мен бұл тарихи тұлғалардың ел алдындағы еселі еңбегіне еш күмән емес. Оған жас ұрпақ ретінде ризашылықпен ғана қарауымыз керек. Алайда, «Қонай қаласы», «Сатбай қаласы» деген атауға бүгінгі билік ешқашан келіспейтіні тағы да шындық.

Біздің ұлан-ғайыр даламыздағы әр елді-мекеннің өз тарихи атаулары болғандықтан, біз саяси империяның отарлық саясаты салдарынан тарихи жерлеріміздің атаулары бұрмаланып өзгертілді. Мемлекет 30 жыл бойы сол атауларды қалпына келтіре алмай отыр. Немесе келтіруге құлықсыз. Біздің ономастикалық комиссиялардың жұмысына да менің көңілім толмайды. Қазақстанның кез-келген өңіріне барсаңыз «Екатериновка», «Самсоновка» әлі де саусап тұр. Қапшағай деген сөздің қазақ тіліндегі естілуі керемет. Сөздің өз поэтикалық қуаты бар. «Қапшағай» деген атаудың қасында «Қонаев» деген қала атауы сәтсіз көрінеді. Қонаевтың еңбегін ұлықтау керек болса өзі басқарған Ғылым академиясына есімі берілсін. «Дінмұхамед Қонаев атындағы Ғылым академиясы» деген «Қонаев қаласы» дегеннен гөрі жақсырақ естілетін секілді. Жалпы, қалаларға кісі аттарын беруге сәк болған жөн. Ертең бір бастамашыл топ Шымкентті Тәшенов қаласы, Қызылорданы Ондасынов қаласы деп атайық десе, оны да қабылдап, қолдап кетеміз бе? Бір жиырма жылдан кейін Атырау қаласының атауын Тасмағамбетов қаласы деп өзгертейік десе, не дейсіздер?

Ал, Қапшағайдың қала ретінде іргетасы Қонаевтың заманында, 70-ші жылы қаланғанмен, тарихы тереңде ғой. Себебі, Іле алқабы ежелден ұлтымыздың ұйық жері. Қазақ халқының негізін құрайтын байырғы тайпалар біздің эрамызға дейін-ақ, Іле бойын мекендеп, мемлекет құрған. Қапшағай өңірі туралы сонау 1856 жылы Шоқан Уәлиханов та өз еңбегінде: «...18 шілде күні кешқұрым біз Шенгелдіден өттік. Осы мекеннен мен ежелгі су айдау жүйесін көрдім. Құбыр тауып алдым», деп жазған еді. Жалпы, бұл өлкенің тарихи атауы туралы деректер аз болса да, еңбегіміз. Мысалы, «Екіоғыз» немесе «Лебальды» деген тарихи атаулар ел аузында жүр. Әріден соң бұл өлкеде Қарахан, Горхан, Күшлік хан, Шыңғыс хан, Жошы хан сияқты неше ғасырлық тарихымыздың ізі бар. Одан кейінгі Бабыр мемлекеті, Қазақ хандығы және Жоңғар шапқыншылығына қарсы тойтарыстар заманындағы хандар мен батырлардың Қапшағай шатқалына ат шалдырған.

Одан да ел пікірін ескеруіміз ауыстырылған Нұр-Сұлтан қаласының өз атауын қайтарып, Өскемен, Павлодар, Талдықорған қалаларында жойылған Тәуелсіздік көшелерін (қала әкімдері «Назарбаев» деп өзгертіп тастаған) қайта қайтару керек. Мысалы, Өскемен қаласында Тәуелсіздік көшесін жойып, оны Назарбаев даңғылы деп атау үшін қала әкімдігі мен мәслихатқа небары 12 минут жеткілікті болған. Мен бұл туралы «Қазақ үні» ақпарат агенттігі билеушілерге жазып, сол шешімді қабылдаған қала әкімі мен барлық мәслихат депутаттарының есімдерін тізіп жариялап едім.

«Қапшағай» сөзінің тұңғыш мағынасы қалай болғанын анықтау үшін түркі тілдеріне зер салсақ мыналарды байқаймыз. Якут тілінде «хапсағай» сөзі «тез, шапшаң, епті», ал «хаптағай» тұлғалы сөз, жуаларда «қашпағай», кейде «қапшағай» дыбыстық құрамдағы сөздер, «өжет, ыңғайлы, шапшаң» ұғымдарында қолданылады. Хакас тілінде де «хапчағай» сөзінің тува тіліндегідей мағына беретінін білеміз. Енді түркі тілдерімен туыстас монғол тобындағы тілдерге бет бұрайық. Монғол тілінде «гавшгай» біздегі «шапшаң, пысық, жылдам, ысылған» мағыналары орнына жұмсалса,

Бұл менің жеке пікірім. Тағы да қайталап жазамын, мен Қонаевтың тарихтағы рөлін жоққа шығармаймын. Тек, Қапшағай деген қала атауының өзі тарихи атау. Қонаевты ұлықтайық десек, жолдары көп қой.

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ  
Қазақ үні

АДАМНЫҢ  
ТАЗАСЫ ЕДІ

Төлегеннің Сарыағашта кешкі орта мектепте директор кезі (1962 жыл). Жаздың ортасы. Бір күні әйелі Үрниса екеуі шаңқай түске жақын аудандық редакцияға келді де, маған бір жапырақ бүктеулі қағаз ұсынды.

– Бұл не?  
– Ашсайшы!  
Аштым. Асығыс жазылған екі-үш шумақ өлең екен. Оқыдым:  
Көтер депті иекті,  
Шаштаразшы бір епті.  
Сумандапты суық қол,  
Қалқан етіп білекті.  
Отырса да Үрниса  
Көзін тігіп қырғиша,  
Жоқ болыпты бес сомы,  
Төлегенді тұрғызса, – дейді.  
– Ал, оқыдық!

Төлеген екі иығы селкілдеп, мырсымыр күледі. Үрниса сәл ашулы ма, қалай, даусын көтеріңкіреп:

– Әй, оңбаған! Қандай арсыз, ә? Мынаның шашын алдырайық деп әлгі шаштаразға келгенбіз. Төс қалтасына өз қолыммен бес сом салғанмын. Соны шаштараз білдірмей алып қойыпты. Сенесің бе, сенбейсің бе? – дейді.

– Ойбай, сенемін!  
Олай деген себебім, кавказ нәсілді сол шаштараздың сұғанақтығын күллі сарыағаштықтар білетін.

– Бір сом берші, төлеп келейік. Сағатымды қалдырып кетіп ем, – деді Төлеген. Ол уақытта бір сом – үлкен ақша. Оған бір шөлмек минералды су, бір лағман, екі тілім нан, бір кесе шай, бір стакан қызыл шарап келеді. Үрниса екеуі бір сом алып есіктың бергенде, Төлеген маған бұрылып:

– Өлең сенде қала берсін, бір сомға татитын шығар, – деді көздерін сығырайта күлімдеп.

Сөйтіп, сұғанақ шаштараз туралы өлең лезде ауыздан-ауызға тарап кетті. Оны «Құны бір сомдық өлең» дейтінбіз.

Аудандық редакцияда әдебиет үйірмесі бар. Жетекшісі – Төлеген Айбергенов. Жыр-сүйер жұрт жиі келеді. Төлегенді насихаттаудан шаршамайтын газет қызметкері Бердуәлі Тұрмағамбетовтің бәріне ұйытқы боп, кейде қалтасы қалыңдау біреулерді базардағы асханаға меңзейтіні боп тұратын.

Бір күні бірі – қылшылдаған жап-жас, бірі – ұзын бойлы, ірі денелі, қоңқақ мұрынды, егделеу, әсем киінген екі жігіт келсін. Аудан іргесіндегі «Қапланбек» техникумының жанында болашақ совхоз директорларын әзірлейтін екі жылдық мектеп бар-тын. Оларға бізден бұрын жолыққан Бердуәлінің айтуынша, екеуі де газетіміздің тұрақты оқушысы әрі өлең жазатын пақырлар көрінеді.

– Неғыламыз, бұл жігіттер Төлегенмен жолықсақ дейді. Өлеңімізді көрсетсек дейді. Төлегенге адам жібереміз бе, әлде... – дей бергенше Төлегеннің өзі кіріп келе жатты есіктен.

Бір қызығы, келгендердің екеуінің аты да Төлеген боп шығып, біздің Төлегенмен үшеу болсын.

Екеуінің жасырағы дереу папкасынан бір дәптер өлеңін шығарып, апыл-ғұпыл көрсете бастады.

– Мен Алматы түбіндегі Талғар ауданын алмын, деп қояды сөз арасында. – Фамилиям – Әубәкіров.

– Мен – әскери адаммын. Шенім – полковник. Өлеңді енді жазамын. Шүкір, оған мүмкіндік жетеді. Ең қажеті талаптану ғой. Талаптанса, жеңбейтін не бар? Солай емес пе? Туған жерім Солтүстік Қазақстан облысындағы Престнов ауданы, – дейді егделеуі. – Шынымды айтсам, әскерде өлең жазуға қол тимеді.

– Ештеңе емес, «Қапланбектегі»



# ЖАЛАУ ЕТКЕН

## САҒЫНЫШТЫҒЫҢ

оқуды бітірген соң, ауылыңа барып, совхоз директоры болғанда уақыт табылады, – деп әзілдейді Бердуәлі.

Жаңа танысқан екі Төлегенмен Бердуәлі алдын-ала келісіп қойған ба, немене, көп ұзамай:

– Қалған әңгімені базардағы асханаға барып жалғастырмаймыз ба? – деді.

– Сөйтейек, – деп елп етті екі жігіт те.

... Отырыс қызу. Біздің Төлеген әлсін-әлсін өлеңдерін оқиды. Арасында бір дәптер өлеңі бар Төлегенге ақыл-насихат айтып тастайды. Обалы не керек, полковник Төлеген аузын ашса, көмейі көрінетін ақкөңіл, мейлінше адал адам екен. Әбден сағынған ба қалай, елдегі орыс әйелін қайта-қайта айтып қалып отырды. Бәрінен де әзіл-қалжыңды айта да, қабылдай да білетіні ғажап екен. Бірде ол көңілі көкке шарлап, еліріп отырған (біздің) Төлегенге:

– Әй, інім, нағыз ақын болсаң, көрейік. Тап осы арада біздің дәл осы отырысымыз туралы бір ауыз өлең шығаршы! – деді.

«Жарайды» деп төс қалтадан қаламын шығарып, қомдана бастаған Төлегенге қапелімде жазатын қағаз табылмай қалды.

– Мә! – деп «Беломор» темекісінің бос қорабын ұсына қойды полковник. Қорапты екі айқып тізесіне қойған Төлеген шұрышпай жазып жатты да, қалғандарымыз сәкекүді жалғастыра бердік.

– Ал тыңдаңдар! – деді Төлеген арада бес-алты минут өтер-өтпесте:

Бір Бекен, жалғыз Зәкір,  
үш Төлеген,  
Бесеуі қан базарда ішкен екен.  
Біреуі Төлегеннің ақын екен,  
Біреуі жаңа жазып жатыр екен,  
Ал енді біреуі әскерден кеп,  
Ортан қолдай бір орыс

қатыны екен!  
– Молодец! – деді полковник Төлеген. – Мен жай қалжыңдай салып ем. Тіл-көзім тасқа, мен бірдеңе білсем, Рақмет, інім. Кәне, нағыз ақын үшін түрегеп тұрып, бір алып тастамаймыз ба?!

Бәріміз орнымыздан көтерілдік... Ал енді бірде жас шамасы өзімізбен қарайлас Шахмардан деген дәрігер досымыздың әйелі кешкі сағат он бір шымасында босалып, ұл тапқанын естідік те, Бердуәлі, Төлеген – үшеуіміз барып құттықтадық. Келетінімізді біліп, тағатсыздана күтіп отырған Шахмардан сапасы жоғары бір жәшік

пе десек, бойы алты-ақ қарыс, шегірткенің айғырындай мыжырайған біреу екен ғой» деп көңілдері толмай қайта сүңгіп кетіп жатыр» дейді.

Мұны маған Айбергеновтің өзі айтып беріп еді. Ал Айладыр аға:

«Төкең Сарыағашына кетті. Бір күні Өмірзақ Қожамұратов «Төкеңе барып келейік» деп ұсыныс тастады. Өмірзақ – Бұхараның ақыны, кітаптары шыққан, танымал. Өзі Төкеңнен бір жас үлкендігі бар. Сол 63-тің 2 маусымында Сарыағашқа келдік. Төкең қонақ қылды. Көршілерін, бір-екі мұғалімді шақырды. Мен домбырамен біраз ән салдым. Төкең мен Өмірзақ лепіріп сөйлеп отыр. Төлеген: «Өзіңнен кейінгі ақындарды жақсы танысың ғой. Қазақ поэзиясының келешегі кімде? – деп сұрады. Өмірзақ: «Қазақ поэзиясының келешегі – Тұрсынзада Есімжановта» деді. Төлеген шап ете қалды: «Ол емес! Оның өлеңдерінің бәрі – лозунг! «Жаса, партиядан»

ҚАРАЛЫ  
ҚАСЫРЕТТІ ШАҚ

Сол ол қасіретті күн туралы Саттар Сейітхазин ағамыз қалай болғанын өзінің «Қаралы сапар» деген естелігінде баяндап береді. Бұл естелікті толықтай беруге тырысқаным, әкемнің қазасы неге Қарақалпақстаннан әкеліп Алматыға жерленбеді деген ойларға аз да болса жауап берер деген ой еді.

«Өмірімде көрген ең бір қаралы қасіретті шақ осы болар... Ажалға тойымсыз қара жер қызғалдақтай қыз мінезді ақын інімді – Төлегенді, Төлешімді де шімірлікпей жұта салғанды.

Рақмет, адамдар, жасарыңдар, Бауырың ем, жүрек қып жасандыңдар!» – деп ақын өз ғұмырының аздығын аза тұтпай, адамдарға жақсылық, жас өмір тіледі емес пе? Иә, ол – өмірдегі адамдардың бауыры да, жүрегі де еді.

қзыл шарап әзірлеп қойыпты. У-ду түн жарымына дейін жалғасты...

Таңертең сағат тоғыздарта тағы келсек, Шахмардан әлі төсекте жатыр екен. Жазғанның басы ауырып қалған ба, ыңқылдап қояды.

– Әй, бұл не? – дейді Төлеген. – Тұрмайсың ба?

– Керіліп-созылған Шахмарданның тұратын түрі жоқ. Қайта теріс айналып, көзін жұмып алған.

– Бәке, – деді селк-селк күлген Төлеген Бердуәліге бұрылып. – Мына қолдан адам жасаған Құдайға ұқсап жатқанын қарасаңызшы! Ой, пәлі-ай!»

Ал туған інісіндей болған Мұхтар аға Шаханов: «Шәкеңнің (Шәмші Қалдаяқов) ол тұста ішуді үдете түсіп жүрген шағы еді. Оны бұл бағытынан тастау, яғни, ентек тастау статусы жақын достары мен туыстары үшін орындалмас мақсат сияқты көрінуші еді. Кейінгі кездері ішкілікті доғаруға шақырған жақындарына: «Мен жетіскеннен ішіп жүрген жоқпын ғой, әкем қатты науқастанғандықтан, соны күтпейтін осының күйдемін» деп сылтаурататын. Сол кезде оған Төлеген Айбергенов мынандай бір шумақ әзіл өлең арнаған-ды:

Арағы бұл Шымкенттің жетіп жүр ме,  
Әкеңнің қайғысы, әлде,  
өтіп жүр ме?

Әкем ауру екен деп іше беріп,  
Әкеңнен бұрын өліп кетіп жүрме!  
Тағы бір естелігінде: «Шәмші мен

Төлеген Атырау өлкесін аралағаннан кейін мынадай әзіл әңгіме қанат қақты:

Каспий теңізіне саяхат кезінде Шәмші кеменің маңдайшасында жападан-жалғыз ойланып ұзақ тұрыпты. Итбалықтар біртүрлі бірі басын судан күрт шығарып, бадырайған көзімен тесіле ұзақ қарап тұрады екен де, қайта батып кететін көрінеді. Сәлден кейін басын қайта қылтитып ежірейе назар бұрады. Шәмші Төлегеннен: «Бұлардың бізге қайта-қайта тесіле қарай беретіні несі?» деп сұрайды.

Сол кезде Төлеген: «Итбалықтар бір мәселені түсіне алмай дал болуда. Атағы жер жарған Шәмшіні Қажымұқан денелі қайратты жігіт

басқаны білмейді. Маяковский болғысы келеді. Маяковскийдің ұша қайнаса. Сорпеннің тілі ащы еді. Содан Өмірзақ кетті. «Сеніңше, қазақ поэзиясының жарық жұлдызы кім?». Төкең: «Мұхтар Шаханов!» деді. «Анау, тракторшы-комбайнер ме? Сол комбайн айдаумен қалады ол...». «Сен мынаны біл! Оның газетке шыққан өлеңдерін оқы! Ой бар, ұйқас бар, поэзия дерті бар» дейді Төкең де ерегісіп. Бір кезде: «Онда мен кеттім» деп Өмірзақ жинала бастады. Түнгі сағат бір. Автобус жоқ. Айтқанынан қайтпайтын еді Өмірзақ. Шығып кетті. 10 минут өтті, 20 минут өтті. Жоқ. Мазасыздана бастадық. Шыдай алмай, Төлеген екеуміз киініп, көшеге шықтық. Аялдамаға барып, Сарыағаштың күйдеміз «Өмірзақ! Өмірзақ!» деп айқай салдық. Жоқ. Екі сағат сабылып таба алмаған соң, қайттық. Таңертеңгісін қора жақтан Үрниса ойбайды салып жүгіріп келеді: «Жын, пері!» Жүгіре шықтық. Барсақ, Өмірзақ! Үсті-басы күзгестей ақ тастық. Төлегенмен бірге жасырына деп, тауық қораға кіріп кеткен. Біз Өмірзақты іздеп жүргенімізде, ол байқатпастан үйге кіріп, стол үстіндегі екі шиша арақтың біреуін қойнына жасырып, тауық қораға қайта жасырылған. Бір рөмкесін қағып салғасын, арақ буынына түсіп, ұйықтап қалса керек. Таңертең мең-зең болып, сыртқа шыққан беті. Сиыр саууға шыққан Үрнисаны сөйтіп шошытқан. Өмірзақтың есін жиғызып, сол күні Ташкентке жүріп кеттік.

«Өмірзақ қашты «кетем» деп, Айладыр құды «жетем» деп. Айлауыс қоран ақынған

Тауық қораны алған мекендеп, – деп Төлеген табан астынан өлең шығарып еді, Өмірзақ іліп алып: «Сынап едім сендерді,

Мені іздер ме екен деп», – деп жауап қайтарды. Төлеген ішек-сілесі қатып күлді. Ол күлсе, шын күлетін. Жыласа, шын жылайтын. Өтірігі жоқ, шынайы жан еді. Адамның тазасы еді.

**Зәкір АСАБАЕВ,  
жазушы.**

1967 жылдың 29 тамызы еді. Таңғы сағат алтыда телефоным салдырлап қоя берді. Бұл де тыныштық бермейді бұлар, – деп азын-аулақ киіндім де, кірер бөлмеде тұрған телефон трубкасын көтердім:

– Бұл кім екен?  
– Мен Қабдікәрім ғой, Саттар, бір ауыр жағдай болып қалды. Қазір такси ал да, одаққа тез жет, мен сонда боламын.

– Әй, бастық, не болып қалды, жөніңді айтсаңшы алдымен.

– Нөкісте, Төлеген Айбергенов қайтыс болыпты, тез жет, қалғанын келген соң естірсің.

Жүрегім дір етті де, телефон трубкасы қолымнан салдырлап жерге түсті...

Қабдікәрім Ыдырысов сол кездегі Жазушылар одағы секретарларының бірі болатын. Көшенің қарсы бетінде қаптап тұратын көп таксидің алдыңғы біреуіне отырдым да тартып бердім...

Жазушылар одағының екінші қабатына көтерілсем, батадай боздап тұрған Мұқағали марқұмды кездестірдім. Көтерілгенім сол екен, Мұқағали еңіреп келіп, құшағына қаусырып алып еңкілдемесі бар ма, босатар емес. Өзім ентелей басып келген бетте енгітімді баса алмай, мең-зең қалыпқа түстім. Оның құшағынан өрең құтылып, Қабдікәрімнің кабинетіне қалай кіріп барғанымды сезбей де қалдым.

– Е, Сәке, келіп қалдың ба? Міне, қазір жиырма минутсыз жеті. Қазір менің машинама отыр да, екі билет ал. Самолет Ташкентке сағат 10-30-да ұшады, тездет.

– Әй, өзі не болды, жөн-жобаңды айтшы, – деп дегбірін алып тұрып алдым.

Жазушылар одағының әдебиетті насихаттау бюросы жазушылар Дихан Әбілев, Сағынғали Сейітов, Нұтфолла Шәкеновті Қарақалпақстанға командировкаға жібереді. Осы ақындардың Қарақалпақстан жұртшылығы мен кездесуін Нөкіске ертерек барып ұйымдастырған Төлеген. Нөкіске қаласына жеткен күннің ертеңіне бригаданың басқа мүшелері Шымбай ауданына жүріп кетеді де, Төлеген сырқаттанып Нөкісте қалып қояды



Сол күні аяқ астынан ақын мәңгілікке көз жұмады. Қ.Ыдырысовтың бар білетіні осы ғана болды. Мұндай сұмдық хабарға әрден қартқан соң, мен аэропортқа тарттым. Нөкістіктердің жіберген жеделхатын ұстап, аэропорт бастығының тура өзіне кірдім.

Аэровокзал кассаларына қайта-қайта телефон шалып отырып, Ташкентке екі билет тапты-ау бастық. Енді ұшқалы тұрған ұшаққа жеттік-ау, әйтеуір. Үрнисаға Төлегеннің қайтыс болғаны туралы Қабдікәрім де, біз де ештеңе сездірмеуге тырыстық. Тек «Төлеген қатты ауырып жатыр, дәрігерлер бір емін табар» деп қана қоямыз. Онымызға сеніп отырған Үрниса жоқ, тек көзін мөлдіретіп бізге жауаңдай қарай береді. Үрнисадан гөрі маған Нөкіске жеткізуге ауыр тигені Мұқағали болды. – Ой, бауырым-ай, ой, ақын-ай, серігім-ай, егізім-ай, не болдың, не болдың? – дейді де, зілдей ауыр

Жалынып тұра бердім. – Жиырма бес сом пұл қосып берсең болады, – деп сыбырлады артымнан біреу. Мен оның сөзіне дәйім бермей, үш билет табыңыз деп кассирге тағы жалбарындым. – О, анаң, – деп кассир өзбегім кассадан шықты да мені жағамнан алып лақтырып жіберді. Мен шалқамнан барып құладым...

Мені бір орыс жігіті мен қараторы қыз екі қолтығымнан сүйеп көтеріп алды. Орнымнан тұрып, касса терезесіне қарасам, әлгі өзбегім маған қарап жұдырығын көрсетеді. «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқтың» керін киіп, не болса да бастығына барайын деп екінші қабатқа көтерілдім. Қабылдау бөлімінде отырған қылшиған өзбек қызы: – Бастық ешкімді де қабылдамайды, – деп өзбекшеледі. Мен қыздың жанына еркін басып бардым да, өзімнің жазушылық куәлігім мен әлгі телеграмманы көрсеттім де, бастықтың есігін еліре ашып кіріп

Бастыққа оның телефонмен не айтқанын білмедім. Әйтеуір, бастығым «акалап, көкелеп» жік-жапар болып жатыр. Сәлден соң, трубканы тастай салып, секретарь қызды шақырды. Иіле басып секретарь кіре беріп еді бастық: – Маған тез кассадағы Исмаил ақаны шақыр, – деп өктем бұйрық берді. Әлгіндей болған жоқ, қолын кеудесіне салып, басы жерге жеткенше иіліп Исмаил, манағы мені итеріп тастап, жұдырық көрсеткен сабазым да кірді. Ол кіре бере ақырған бастық оны боқтап, өзбекше сыбап та жатыр. Менің түсінгенім: – Мехманды неге жәбірлейсің, қолындағы телеграмма-сын көрдің ғой. Сонау Қазақстаннан Нөкіске бара жатыр. Енді үш билетті өз ақшаңа алып кел де, мына мехмандардың аяғына жығылып кешірім сұра, – дегені ғана. Анау «Құп болады, құп болады» дегеннен басқа ештеңе айта алмайды. Селк-селк етіп, діріл қағып тұр. Сырттан Өзбекстан комсомол комитетінің адамдары да кіріп келді. Мені құшақтап, бәрі де көңіл айтып, ізгі ниеттерін білдіріп жатыр. Исмаил ака сүмрейіп манағы орнында әлі тұр.

– Сен неге кетпей тұрсың? – деді бастық көзін алартып. Исмаил ака «паспорт, паспорт» – деп маған қолын созды. Мен түсіне қойдым да, паспортты және үш билеттің ақшасын ұсындым. – Пұл керек емес, керек емес, – деп Исмаил ақшаны қайта ұсынып еді. Мен тіксініп: – Алыңыз, – дедім де қолын қағып жібердім...

Билет қолға тиген соң, бәріміз сыртқа шықтық. Аэровокзал бастығы да сөмпендеп бірге жүр. Үрниса мен Мұқағали да дегбірі кетіп күтіп тұр екен. Оларды да комсомол аялап, көңіл айтып, қолтықтап әкел бар құрметін көрсетіп жатыр. Біраз кешіккен ұшақ та көтеріліп, Нөкіске бет алды.

\*\*\*

Нөкіс аэропорты ығы-жығы. Ұшақ тоқтар жерде қара костюм киген өңкей Қарақалпақтың ығай-сығайы қатарласып тұрып алыпты. Ұшақ терезесінен қарап отырған Мұқағали екеуіміз Үрнисаға ештеңе сездіргеніміз жоқ.

Ұшақ терезесінен қарағанымда менің алғаш көзіме түскендері маған бұрыннан таныс Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бөлім бастығы, ақын, ардақты азамат Шыбыл одағының бірінші хатшысы Ибрагим Юсупов, ақын-жазушылар Жолмырза Аймырзаев, Хожабек Сейітов, Жолдас Сейтназаров, Ғалым Сейтназаров, Қармыс Досанов, Тәжеддин Сейжановтар еді.

Төлеген келгенде түскен бір туысының үйіне аэропорттан тізбектеліп ондаған машина келіп жеткенде, бізді күтіп тұрған халықтың шегі жоқ. Бүкіл Нөкіс тұрғындары түгел жиналған дерсің. Машиналар өтер жер таппай, бұраландап Қаралы үй қорасына әрең жетті. Төлегенді таза арулап жуып, мәйітті аулаға шығарып қойыпты. Енді бір кішкене кешіккенде жерлеуге де алып кетпек екен. Бізді күткендер кезек-кезек көрісіп, жылап-сықтап амандасты. Үйге кірместен соңынан Нөкістегі қалалық зиратқа бет алдық.

Қалалық партия комитеті мен Нөкіс атқару комитеті өткізген қаралы митингін кейін, зират басын күңіреніп кетті. Әр тұрғын Төлеген деген сүйіспеншілігін танытып, жыласып-сықтасып жатты.

Төлегенмен бірге болған аға жазушыларымыз Д.Әбілов, С.Сейітов, Н.Шәкенов және Мұқағали екеуімізді Қарақалпақтың белді де белгілі азаматтары қолтығымыздан сүйеп жүрді. Қарақалпақ елі қанаттас қазақ халқына деген туысқандығын танытып, бауырмалдық, елдіктің, тілегі мен жүрегі бір екендігін

Төлегеніміздің мәңгілік сапарында айғақ етті.

Мұқағали екеуіміз Төлегеніміздің үйінде болып, соңымызда жүретімізді, қандақ қарақалпақ халықтарымыздың жұлдызы болар деген тілегімізді амалсыз қара жерге беріп, шарасыздан Алматыға оралуға ұйғардық. Артымызда Нөкістің қалың зиратының ішінде бір кішкене ғана төмпешік болып, халқымыздың алып жүректерінің бірі қалды. Амал не, топырағы торқа болсын!..

\*\*\*

Анам да осы күн туралы көп еске алатын. Былай әңгімелейтін:

«Егіз қыз – ауруханада, есілдертіміз сол екі қыздың жағдайы... Ақын-жазушылар ауруханадан біраз уақыт бұрын ауруханаға түскен Төлеген, дәрігерлерден жасырынып шығып, олармен бірге кездесулерге барып жүреді. Ойламаған жерден ауруы асқынып, бұл кісілер барғаннан кейін, үш күннен соң, қайтыс болады. Жазушылар үйіне «Қайтыс болды» деген телеграмма, ал маған «Ауыр халде жатыр» деген телеграмма келеді. Мені Қарақалпақстанға алып баруға ақындардан Мұқағали мен Саттар Сейітхазин шығады. Мен олардың мені алып бара жатқанын білмеймін, өздері іссапармен бара жатқан екен ғой деп ойладым.

Біз отырған ұшақ Ташкентке дейін ғана ұшады, өйткені тіке рейс жоқ. Ары қарай Қарақалпақстанға ұшатын ұшаққа отыруымыз керек. Сол кезде Шымкентте тұратын Мұхтар Шаханов Ташкентке келіп шығарып салды. Оған да Төлеген «Қатты ауырып жатыр» деген хабар бер. Мұқағали ешнәрсе білмеймін. Ал Мұқағали мен Саттар бәрін біліп бара жатыр екен. Сондықтан да олар өздерінің қайғырғанын білдіртпеу үшін, менен қашақтай, маған білдіртпей, өздері қайта-қайта Нөкіспен хабарласып жүріпті. Мен оларға жол бойы: «Төлегеннің хәлі нашар көрінеді. Мен оны Алматының ауруханасына әкеліп салуымыз керек. Төлегенді алып қайтқанда, маған көмектесіп жіберіңіздер» деп жалына сөйлеп отырдым. Аэропорттан бізді көп адам қарсы алды. Қолымдағы Дәуренді Қуатбай деген туысымыз көтеріп алып кетті. Менімен жөндеп амандасқан да жоқ. Мен оны осы жақтың көрмейтін бонына келінді онша арада жеңіл машинаға отырғызды. Алдына жол білетін адам отырды. Машина республикалық ауруханаға қарай тоқтамай өте шыққан кезде мен: «Мынау аурухана ғой, тоқтатыңыздар!» деп едім. Сол кезде шоффер жігіті: «Ой, Құдай-ай!» деп қаты жүрсінді. «Білмей келе жатыр екен ғой» деген сыңай білдірді. Сол кезде жүрегім сөзді ме, құлағым бітіп қалды да, алыстан бір әйелдің шыңғырған дауысы естілгендей болды. Кейін ойласам, ол өз дауысы екен. Содан көзімді ашсам көп адам...

Менің қарсылығым: «Машинадан түспеймін» деппін. Оны да өзім кейін естідім. Біз барған соң, жарты сағат өтер-өтпес Төлегенді жерлеуге алып кетті. Мен өң мен түстің ортасында жүргендеймін. Есім кіресілі-шығасылы. Сонда қаралы жиында сөз сөйлеппін. Оны да білмеймін. Әйтеуір, жерлер кезде: «Мүнда, әйелдер қолтығымнан демеп, мені сүйемелдей ала жөнелді. Есінен адасты деп ойлаған болулары керек.

Бір күні газеттен шетелге сатылған бес-алты жасар баланың самолеттің трапының басқышынан «Көтерілмеймін» деп жан-жағына қарап, араша сұрап жылағанын, оның қолынан келген қарсылығы сол болғанын оқығанда, Төлеген қайтқан кездегі өзімнің дәрменсіздігіме есіме

түсіп, менің қарсылығым дәл осы баланкіндей ғана болғанына қатты қынжылып жылағаным есімде» дейді. Айладыр аға: «Төлеген Нөкіс ауруханасында қайтыс болғанда, сүйегі Нөкістегі Үсен ағайдың үйіне әкелінді. Сол үйдегі жеңгеміз – Ақпатша Таубаева қазір Ақтөбеде тұрады. Төлегенді өз қолынан ақтық сапарға шығарып салған. Ақпатша жеңгеміз Төлеген қайтыс болғаннан үш-төрт жылдан соң, Ақтөбеге көшіп келді» деп еске алады.

Әкем қайтыс болған соң, анам «Лениншіл жастың» хат бөлімінде жұмыс істейді. Әдебиет бөліміне күніне кем дегенде 70 хат келсе, соның 50 хатында әкемнің аты жүреді. Еңіреп отырып тіракегенше күңірене іздеген елдің талабын қанағаттандыруға, яғни сол хаттарға шолу жасауға немесе кейбірін жариялауға ол кезде замана ағымы көтермейді. Әкем сол тұста танымал емес, былайша айтқанда, ешкім емес еді. Өйткені ол заманда құрығанда парторг болмаса, не бастық болмаса, ол туралы бірдеңе деу мүмкін емес-тұғын. Жұрт тек күрсініп қана жауап беретін. Төлеген Айбергенов ақын ретінде бұқараға керек болғанымен, баспалардың алды маңайлатпайды.

Анам кейде, «Төлегеннің дүние салғанын маған Алматыда естірткенде мен: «Ол осында тұрады. Бала-шағасы, қызметі, үй-жайы да осында. Төлегенді алып келіп, Алматыға жерлесін» деп ешқайда қозғалмай отырып алар едім» дейтін.

Әкемді жерлеген күні түнде біреу есікті қағып тұрғандай болады. Анамның қасында әкемнің ортаншы әпкесі жатыр екен.

– Төлеген келді ғой, есікті ашайық, – дейді анам, әпкесі:

– Қарағым-ау, ол келмесе кет ғой, үндеме, – дейді.

«Және бір ойымнан кетпейтіні, – дейтін анам, – Қарақалпақстаннан Төлегеннің Үштап деген апасы ауруханаға емделуге келді. Бірнеше күн үйде болды. Бір күні әңгіме арасында:

– Үрниса, сен Төлеген қайтыс болғанда, неге машинадан шықпай отырып алдың? – дейді. Сонда мен оған:

– Апа, Төлегеннің қайтыс болғанын білген соң, оны алып тез артыма қайтуды ойладым. Өйткені үйі-жайы Алматыда, тез әрекетімді жасайын дегенім ғой, – деп едім десем, ол кісі:

– Ой, ол мүмкін емес еді. Ол жақта да өкімет адамдары бар, туған-туыс бар, бәрін дайындап, тек сен келе жатыр деген соң, ел жиналып саған қаратты ғой. Сендер Ташкенттен ұшақпен қашан ұшатындардың, оның қай кезде қоныатын адамдар хабардар етіп отырды, – дейді.

– Мен Төлегенді үйіме апарды, сонан соң жерлейміз, – деп ойладым. Өйткені ол іссапармен барған адам ғой. Бес-алты адам ұшақпен әкелуге болар еді. Солай болуы керек те еді, – деймін.

Тағы бір айта кететін жәйт, мен Қоңыратта жетісін беріп келдім. «Лениншіл жас» газеті Төлеген қайтыс болғаны жайында қазанама берген екен. Сол кездегі ЦК комсомолдың органы «Лениншіл жасқа» газеттің шығатын нөміріне кім қол қойған десе, редактордың орынбасары Тұрдарбек Наймановтың қолы тұрады. Ол кісінің ЦК шақыртып алып: «Не, сендерге газет афиша ма, Т.Айбергенов деген парторг, директор, не бір атақ-дәрежесі бар адам болмаса, оған неге қазанама бересіңдер?» – деп Қалдарбекке сөгіс те берген. Иә, бізді қашан да шалақ белсенділер құртқан, адал адамдардың түбіне сол сияқты алаяқтар жетті» деп айтатын.

Салтанат АЙБЕРГЕНОВА

# ӨРЛІКТІ ақынды...

денесімен үстіме қираң етіп құлай кетеді. Мен: – Мұқаш, Үрниса оның қайтыс болғанын сезіп қояды, шыдашы енді, шанышы, – деп жалын-намын. Ол аз-маз қалпына келеді де, әрі-беріден соң баяғысына қайта басады. Мен байғұс оны қайтадан уатып әлекпін. Үшеуіміз де таңғы орамызды ашқанымыз жоқ. Ұшақта бір-бір стакан минерал суын беріп еді, Үрниса татып алмады. Әйтеуір, Ташкентке қарай ұшып келеміз.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей қияметтің әкесін Ташкент аэропортында көрдім, тіпті өзбектерден таяқ жеп те қала жаздадым. Мұқағали мен Үрнисаны, ұшақтан түскен соң, екеуін екі қолтығыма қысып алып аэровокзалға беттедім. Қолымда қаралы телеграммалар, енді Ташкенттен Нөкіске билет алуым керек. Ұшып келген ұшақ Ташкенттен сапарын аяқтайды екен. Нөкіске басқа ұшақ ұшады. Ол ұшақтың ұшуына бір жарым сағаттай уақыт қалыпты. Асығуым керек. Мұқағали мен Үрнисаны вокзал алдындағы бір жолаушылар орындығына отырғызып, орындарынан тұрса, адырп қалармын, – деп екеуіне де: – Осы арадан қозғалмаңдар, мен билетке барамын, алыңдаршы, бәрін де реттеймін деп жалынып, артыма жалтақтай қарап вокзалға еніп кеттім.

Кассалардың алды толған адам. Қаздай тізіліп тұр. Бірін итеріп, бірін лақтырып, ұрыс-керіс жасап, касса тесігіне өңмендеп ұмтылған жетпегірлердің көбін қайтерсің?! Олар билетті өшіретсіз алып шығады да, жалма-жан біреулерге жоғары бағасына өткізіп, әлгі тесікке қайта ұмтылады. Не істейміз керек, аз тұрдым да әлгі жетпегірлердің біре-екеуін алдына салып, касса тесігіне беріп жеттім-ау. Екі жүгірмек билеттерін алған соң, мен де құжаттарымды ұсындым. Арлан төс, еңгезердей бір өзбек билет сатып отыр.

– Маған Нөкіске ұшатын ұшаққа үш билет беріңіз, міне телеграмма, – деп қаралы хабарламаны ұсындым.

– Бұл нәмә кирәк, билет йок... Бар, бар, кет...

– Бүгін мына ақынды жерлеуіміз керек, телеграмманы оқыңызшы!

кеттім. Ұзыннан ұзақ жарық, кең кабинеттің төрінде екі қолын үстелдің үстіне қырықтар алақасында бұғағы салбыраған, жып-жылтыр өзбек отыр. Мен еркіндей басып, бастықтың алдында тұрған қабылдау столының қасындағы жұмсақ былғары креслоға күп беріп, отыра кеттім. Бұл кім өзі, неге еркінсиді дегендей, менің сәлеміме де құлақ түрмей, саусақтарын сыртылда-тып аз-маз отырды да:

– Сізге не керек еді, – деп дүңк етті. Мен жағдайымды айта бастап едім, ол тындамай, қолымдағы құжаттарыма қолын созды. Ол телеграмманы көз жүгіртіп қарап шықты да:

– Мен ештеңе істей алмаймын, кассаға барыңыз, – деп құжаттарымыз маған қарай сырғыта қоймайтынына көзім жетті де оған:

– Онда мені мына телефонның біріне қосыңыз.

– Жоқ, бұл арадан ешкіммен де сөйлесуге болмайды, – деп шірене қалды. Енді не істедім, мен кассаға кеткем. Екі жарым сағаттан асып кетті. Үрнисалар не болды екен, аз ойландым да, ойыма кілт шығарда Қабдікәрім жазып берген Өзбекстан ЦК Комсомолының бірінші хатшысының телефоны есіме түсіп кетті де бастыққа:

– Сіздің телефондарыңыз көп-ақ екен, соның біреуі пәтуелі екендігін шығар, мына телефонды қосып жіберіңізші, – дедім. Бастығым әлгі телефон номерін көрді де, асып-сасып: – Сейтас ака, Сейтасқа басып, аппараттарының ішінен бір көк аппараттың трубкасын жұлып алды. Телефон Өзбекстан комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Орталық партия комитетінің бюро мұшесінің кандидаты Сабитинов дегендікі екен. Жол болғанда, ол да орнынан табыла кетті. Бастық асып-сасып телефон трубкасын маған ұсынды. Секретарь менімен ағайыншылықпен амандасып, күй-жағдайымды сұрады да:

– Алматыдан Ыдырысов жолдас хабарласқан еді. Сіздерді Нөкісте де асыға күтіп отыр, мен қазір Сіздерге жетемін. Трубканы вокзал бастығына беріңіз, – деді.

**Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы бірінші қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимылға жеңіліс тақырыптағы халыққа жолдауында: «Егер азаматтарымыздың әлауқатын шын мәнінде жақсартқымыз келсе, олардың өздерін осы іске белсенді түрде тартқан жөн. Алдағы саяси реформалардың барлығы халықты мемлекет басқару ісіне кеңінен қатыстыруға бағытталуы керек» делінген. Мемлекет басшысының бұл Жолдауында айтылған ұсыныс халықтың белсенділігін арттыру мен мемлекеттік іске араласуына жол ашып, әрбір қоғамдық ұйымдардың елдің дамуына өз үлестерін қосуға мүмкіндік береді. Демек белгілі бір қоғамдық ұйымдар арқылы әрбір адам өзі ой-пікірін ұсынып, қоғамның дамуына тікелей ықпал ете алады.**

МЕН Демократиялық қоғам құруды мақсат тұтқан біздің елімізде оның алғы шарттары біртіндеп іске аса бастағанын да байқауға болады. Демократия дегеніміз жалпы қоғамды, мемлекетті сол қоғамның мүшелері – халықтың өзі басқару болып табылатыны ежелден белгілі. Ол көп жағдайда қоғамдық ұйымдар мен халықтың үніне құлақ асатын мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асуға тиісті.

Неге қоғамдық ұйымдар арқылы? «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» - дейді халық даналығы. «Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз жігіт би болмас» дегенді де айтқан сол ата-бабаларымыз. Бабалардан ұрпағына жеткен бұл фибрат - жалғыздың ісі өнбейді, топтасып, ұйымдасып атқарған істің берекесі мол, нәтижесі жоғары болады дегенді меңзейді. Бұл ғасырлық тәжірибеден түйіндеген қоғамдасып өмір сүрудің қағидасы іспетті.

Кейбір деректерге қарағанда біздің елімізде 22 мыңнан аса түрлі қоғамдық ұйымдар бар екен. Оның қатарында түрлі бірлестіктер, партиялар, кәсіподақ, ғылыми, мәдени, діни және өзге де қоғамдық ұйымдар бар. Солардың ішінен партияларды ерекше бөліп айтуға болады. Өйткені партиялар өз қатарына көптеген халық өкілдерін топтастырып, олардың әлеуметтік-тұрмыстық мүдделерін ғана емес, сонымен қатар саяси талаптарын да білдіреді. Бүгінгі күні саяси партиялардың ықпалы әлем бойынша артып отыр. Барлық дамыған елдерде партиялар шешуші рөл атқарады, олар елдің ішкі және сыртқы саясатына дейін тікелей араласып, өз ұсыныстарын енгізіп отырады.

Партия деген ұғым – идеялық көзқарастары, көздеген мақсаттарының ортақтығы негізінде біріктен адамдар тобы болып табылатыны белгілі. Партиялардың көп болғаны халықтың белсенділігінің белгісі десек қателеспейміз. Біздің елімізде де көп партиялы жүйе құру қолға алына бастады. Сол партиялар өз өкілдерін мемлекеттік жоғары лауазымды орындарға ұсыну арқылы елімізді басқаруға қатыса алады. Әсіресе түрлі партиялар өкілдерінің Қазақстан Парламенті (Сенат, Мәжіліс)

депутаттығына сайлану мүмкіндігін айтуға болады. Рас, алғашқы жылдар, тіпті күні бүгінге дейін «Нұр Отан» қазір «Аманат» аталған билік партиясы Парламенттегі басым көпшілікке ие болып келгені белгілі. Мысалы, соңғы жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы 2021 жылғы 10 қаңтарда өтті. Сайлауға қатысқан бес партияның үшеуі сайлаушылардың 7 пайыздан астамының дауысына ие болып, Парламент Мәжілісінің құрамына кірді. «Nur Otan» (Аманат) партиясы (71,09%), Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы (10,95 %) және Қазақстан Халық партиясы

белсенділеріне еш кедергісіз шеру өткізуіне, сол жерде өз ой-пікірлерін еркін айтуына мүмкіндік берді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Аманат» партиясының қаңтар айындағы съезінде ұйымның төрағалығынан биыл бас тартатынын мәлімдеген болатын. «Партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеген жөн. Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет. Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде

туралы шешім қабылдады. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады. «Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек. Осылайша, біз Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасын жоямыз. Менің ойымша, бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды» – деді Президент.

сайланды. Осы сәттен бастап партия өз қызметінің ұйымдастырушылық, кадрлық, идеологиялық, зияткерлік негіздерін түбегейлі жаңартуды жүзеге асырып, өз дамуының сапалы жана деңгейіне қол жеткізді. «Ақ жол» партиясының қатарына бизнес өкілдері белсенді түрде кірді. Өйткені партия кәсіпкерлерді қолдауға тұрақты көңіл бөле бастаған-ды.

2012 жылдан бастап «Ақ жол» ҚДП парламенттік партия болып саналады, Мәжілісте өздерінің депутаттық фракциясы жұмыс істейді. 2012 жылғы сайлау қорытындысы бойынша партия сайлаушылардың 7,47 % дауысын

# ПАРТИЯ БЕДЕЛІ - БЕЛСЕНДІЛІГІ мен

партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде рәсімдеуді ұсынамын. Бұл норма саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды» - деді сол ойын нақтылаған Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында.

Партиялық жүйені дамыту адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алатыны белгілі. Бір партияның басымдылығы саяси тоқырауға әкеледі. Партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасалуы аса қажет. Осыған байланысты Президент партияларды тіркеу рәсімін едәуір жеңілдетіп, оның тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтуды ұсынды. Мемлекет басшысының ұсынысы бойынша өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіліп, партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, 1000-нан 700 адамға азаяды. Сондай-ақ, құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт ұзартылды. Бұл еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады және сайлаушылардың көптеген мәселесін жедел жеткізіп, дер кезінде тиімді шешуге қабілетті жана партиялардың пайда болуына оң ықпал етеді.

Партиялардың дамуына, ықпалының артуына сайлау жүйесінің де маңызы зор. Соны бірінші кезекте ескерген мемлекет басшысы халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктелетінін, олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиісті екенін ерекше атады. Осыған байланысты Сенатты жасақтау тәртібін және оның бірқатар функциясын қайта қарауды ұсынды. Бүгінге дейін жоғарғы палата 49 депутаттан құралып келді. Оның қатарында әр өңірден екі сенатор және 15 сенаторды Президент тағайындайтын. Бұл жүйе аймақтардың ерекшелігін ескеруге және заң шығару барысына Мемлекет басшысының тікелей ықпал етуіне мүмкіндік берді. Президент Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту

## «АҚ ЖОЛ» – АЛАШ ҰЛТТЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ ІЗБАСАРЫ

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – Қазақстандағы саяси партия, өзін «сындарлы оппозиция», бизнес партиясы және XX ғасыр басындағы «Алаш» қозғалысының ізбасары деген ұстанымын ашық жариялаған бірегей ұжым. Жасыратыны жоқ, арамды өзгелерге жалтақтап, ұлттық идеологияға салқын қарайтындар әлі де жетерлік. Бұл жөнінен ақжолдықтардың шешімін батыл қадам деп айтуға тұрарлық. Әрине, «Ақ жол» партиясы да өзгелер сияқты көптеген қиындықтар мен саяси сынақтардан өтті. Бүгінгідей ел арасындағы жоғары беделге жету үшін жылдар бойы халыққа қажырлы қызмет етіп, тер төуге тура келді. «Ақ жол» партиясының құрылғанына 20 жыл болды. Өзінің нақты істерімен бұқараның сеніміне ие болған партия болашағынан үлкен үміт күттіреді.

«Ақ жол» демократиялық партиясы әділет органдарында сонау 2002 жылғы 3 сәуірде тіркелген-ді. «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігінің тең төрағалары болып Болат Әбілов, Әлихан Бәйменов, Ораз Жандосов сайланды. 2003 жылғы 9 қарашада өткен «Ақ жол» ҚДП ІІІ құрылтайында «Ақ жол» партиясының тең төрағаларының саны 5 адамға дейін артып, тең төрағалары болып қосымша Людмила Жуланова мен Алтынбек Сәрсенбайұлы сайланды. 2005 жылы 13 наурызда «Ақ жол» ҚДП V құрылтайы «Ақ жолдың» тең төрағалар институтын тарату туралы қаулы қабылданып, ал партияның төрағасы болып Әлихан Бәйменов сайланды. 2004 жылы Мәжіліс сайлауында ресми деректер бойынша партия 12,04% дауыс алып, 1 ғана мандатқа ие болды. 2007 жылы Мәжіліс сайлауында партия 3,09 % дауыс жинап, Парламентке өтпей қалды.

2011 жылғы 2 шілдеде партияның Астанада өткен құрылтайында «Ақ жол» ҚДП төрағасы болып бірауыздан «Атамекен» Ұлттық Экономикалық палатасының басшысы Перуашев Азат Тұрлыбекұлы

жинап, 8 депутаттық мандат, 2016 жылғы сайлауда партия 7 мандатқа ие болды. Партия өз жұмысын белсенді жүргізуінің арқасында 2021 жылғы сайлау қорытындысы бойынша 12 мандатқа қол жеткізді. Бұл ұжымның ел арасында беделінің көтеріле бастағанын көрсетсе керек. Парламенттік сайлаумен қатар барлық деңгейдегі жергілікті мәслихаттарға да сайлау өтіп, оның нәтижелері бойынша «Ақ жол» партиясының 222 өкілі мәслихаттардың депутаттары болып сайланды. Оның ішінде: 39 – облыстық, 65 – қалалық, 118 – аудандық мәслихаттың депутаттары бар. Аталмыш жылда елімізде алғаш рет аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың және ауылдық округтердің әкімдерін сайлау өткізілді. Оның қорытындысы бойынша әкімдер лауазымына «Ақ жол» партиясының 11 өкілі сайланды. Бұл жақсы көрсеткіш деп айтуға болады.

Қазір «Ақ жол» ҚДП-ның облыс орталықтарында және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 17 филиалы, Жезқазған, Семей қалаларында 2 өкілдігі бар. Партия мүшелерінің саны толық емес есеп бойынша 255 мыңнан асты. Оның 11 пайыздан астамы жастар.

«Ақ жол» демократиялық партиясының негізгі мақсаты – әрбір азаматтың еркін дамуы, оның құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, барлық қазақстандықтардың өмір сүру сапасы мен деңгейін ұдайы арттыру үшін, сондай-ақ Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің экономикалық, әлеуметтік және саяси прогресіне қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады, Қазақстанда бәсекеге қабілетті және нарықтық экономика құрудың, жеке кәсіпкерлікті, ең алдымен шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдаудың табынды жақтаушысы. Сондықтан да «Ақ жол» партиясының әлеуметтік тірегі – қалыптасқан және дербес орта тап, оның ұйытқысы отандық зиялы қауым және кәсіпкерлер.

Партия ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуының іргелі негіздерін қалаған және ұлттық мүдделерді әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерімен ұштастыру негізінде қазақ қоғамын еуропалық



# НАҚТЫ ІСІНДЕ

жолмен жаңғыртуды өзінің мақсаты етіп қойған «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының ізбасары болып табылады. Партия Алаш идеясын тарату жөнінде арнайы бағдарламалар әзірлеп, оны жүзеге асыру жөнінде жүйелі түрде іс-шаралар өткізіп тұрады. Енді «Ақ жол» партиясының осы бағытта өткізген нақты іс-шараларынан бір ғана мысал келтіре кетейік.

«Ақ жол» партиясының ұйымдастыруымен елімізде жыл сайын «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» жалпыұлттық байқауы өткізіледі. Алаш қозғалысының саяси тәжірибесін, экономикалық бағдарламасын және рухани мұрасын қазіргі Қазақстан қоғамын жаңғырту контекстінде зерделеу мен насихаттауды басты мақсат еткен байқауға Алаш қозғалысын және тарихын зерттеп жүрген 18-35 жас аралығындағы Қазақстан және шетел азаматтары өздерінің жеке жұмыстарын байқауға ұсынады.

Соңғы байқау Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы: Алаш идеялары іс жүзінде, Қазақ меценаттары және олардың Алаш қозғалысын қолдау жолындағы қызметі, Алаш қайраткерлерінің Қазақстандағы ашаршылықпен күресі, Алаш қозғалысының аз зерттелген және беймәлім тұстары атты номинациялары бойынша өтізілді. Байқауда қазіргі заманғы қазақ мемлекеттігін дамытудағы Алаш көшбасшыларының саяси және экономикалық тұжырымдамаларының өзектілігі, Алаш және ұлттық мүддені қорғау, Алаш және ел аумағының тұтастығы, Алаш және замануи сын-қатерлер, Алаш және ұлттың жана болмысы, Алаш және әлеуметтік әділеттілік, Алаш қозғалысындағы «ақтандықтар», Алаштың белгілі азаматтары, Қазақ кәсіпкерлері – ұлт-азаттық қозғалысының қаржылық тірегі, XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөздің қалыптасуы және оның демеушілері сияқты ауқымды тақырыптар қамтылған. Әділ қазылар шешімімен жеңімпаздар әдеттегідей қомақты қаржылай және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Байқаудың ашылу салтанатында «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуа-

шев байқаудың идеологиялық маңызы, Алаш тақырыбын кеңінен насихаттау партияның басты мақсаттарының бірі екенін айтып өтті.

– «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық байқауын осымен 10-шы мәрте ұйымдастырып отырмыз. «Ақ жол» партиясы кешегі «Алаш» партиясының рухани ізбасары ретінде Қазақ елі тәуелсіздігін ту етіп көтеріп келеді. Бұл туралы «Ақ жол» Демократиялық партиясының Саяси бағдарламасында да жазылған. Осы жылдар аралығында біз бұл конкурстан бөлек, көптеген шараларды атқара алдық. Олардың қатарында Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның көптомдығын шығарудан бастап, сонау Петерборда ескерткіш тақтасын орнатуға дейін, ауыз толтырып айтуға болатындай сүбелі істерді жүзеге асырдық. Парламент Мәжілісінде құрылғанына 12 жылдан астам уақыт болған «Ақ жол» фракциясы Алаш тақырыбын арқау етіп 30-дан астам депутаттық сауал жасады. Олардың ішінде Алаш үкіметінің 100 жылдығы мен оның көсемі Әлихан Бөкей-ханның 150 жылдығын еліміз бойынша кеңінен атап өту туралы, Мағжан оқуларының жыл сайын өткізу секілді көптеген өте маңызды мәселелер көтерілген. Осының бәрі біздің Алаш аманатына адал екеніміздің айғағы. Біз осы байқаудан заманауи саясатқа, оның ішінде мемлекеттік құрылысқа, нарықтық экономикаға, парламентаризм мен демократия дамуына өзекті ұсыныстарды күтеміз, – деді Азат Тұрлыбекұлы. Партия жетекшісінің байқаудағы осы бір кіріспе сөзінен-ақ «Ақ жол» партиясының өздеріне ұлттық идеологияны басты бағыт етіп алған Алаш аманатына адал екендіктерін бірден аңғаруға болады.

## КӘСІП БАР ЖЕРДЕ – НӘСІП БАР

Алдында «Ақ жол» партиясының Қазақстанда бәсекеге қабілетті және нарықтық экономика құрудың, жеке кәсіпкерлікті, ең алдымен шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдаудың табанды жақтаушысы екенін айттық. Осы бағытта ақжолдық

депутаттық фракциясы үкіметке жүздеген депутаттық сауалдар жолдап, көпшілікті толғандырған мәселелерді шешуге мұрындық болып келеді. Арғысына бармай-ақ соңғы кезде жолданған ақжолдық депутаттардың бірнеше сауалын атай кетейік.

«Ақ жол» кірме темір жолдардың монополистеріне шара қолдануды талап етіп, ҚР Премьер-Министріне, ҚР Бас прокурорына, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасына депутаттық сауал жолдады. Онда кірме темір жолдарды жекешелендіріп алған кәсіпорындар бағаны ондаған, тіпті жүздеген есе көтеріп алғандығы туралы, бұл мәселені бұрындар да көтергендіктері туралы айтып, шұғыл шара қолдануды талап етті. Жолдауға орай мәселе оң шешілді. Құзырлы орындар депутаттық сауал бойынша тексеру жүргізіп, шешім шыққан бағларды түсіруге ықпал етті.

Үстіміздегі жылдың наурыз айының басында «Ақ жол» депутаттары балалар дәрігерлері мәселесін көтеріп, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е. Тоғжановқа саяси жолдады. «Ақжол» фракциясының мүшесі Д. Еспаева Мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау және бүгінгі күні тапшы болып отырған балалар дәрігерлерін даярлау мәселесін шешуді талап етті. Бұл проблема әсіресе шалғай өңірлерде жиі байқалады.

Айта кетсек, 2016 жылы да фракция медициналық жоғары оқу орынында «педиатрия» мамандығының жойылуын сынға алған-ды. Кейіннен, 10 жылдық үзілістен кейін 2017 жылы педиатрия факультеттері қалпына келтірілді. Алайда, бүгінде «педиатрия» мамандығы бойынша кадрлар даярлау мәселелерінде әлі де елеулі олқылықтар бар. Осы мәселеге байланысты «Ақ жол» депутаттық фракциясы үкіметтен бірінші кезекте педиатрия бойынша мамандарды даярлауға бағытталатын жалпы Қазақстан бойынша педиатриялық қызметті дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеуді, екінші – бакалавр және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық кезеңінде балалар ма-

мандарын даярлау үшін үлгілік оқу жоспарларын жеке енгізуді, үшінші – тапшы бағыттар бойынша балалар мамандықтары үшін жеке гранттар ұсынууды қарастыру, оның ішінде – бакалаврдан бастап жоғары мамандандырылған интернатура мен резидентураға дейін барлық мемлекеттік медициналық жоғары оқу орынында педиатриялық факультеттердің толық көлемде жандануын қарауды, төртінші – Интернатура жалпы практика дәрігерлерін бағдарламаларда даярлау кезінде «педиатрия» бойынша кредиттер санын ұлғайтуды, бесінші – педиатриядағы міндеттерді шешу үшін ғылыми-зерттеу институттарын, сондай-ақ мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарын тарта отырып, балалар аурулары бойынша ғылыми жобалардың үлесін ұлғайтуды сұрады.

Ақпан айында «Ақ жол» партиясы «Қарашаңақ» – ауылға қамқорлық қажет!» деп дабыл қағып, Премьер-Министр Ә.Смайыловқа депутаттық сауал жолдады. Сауалда қаламен салыстырғанда, ауыл тұрғындарының табыс деңгейі айтарлықтай төмендігі мен қала мен ауылдың әр тұрғыны есебімен бюджеттен қаражат бөлуде теңсіздік бары айтылды. «Егер біз болашағымызды ойласақ, ауылды сақтауымыз керек. Тек сақтап қана қоймай, оны бүгінгі заманның талабына сай көркейтудіміз қажет. Ауылдың жағдайы жақсы болса, қазақтың да төрт құбыласы тең болады» делінген депутаттық сауалда. Сол сияқты АӨК-ке берілетін субсидияны жоқ дегенде 2-3 есеге көбейтіп, мал шаруашылығын дамытуда Қазақстанның өркендеуінің ұлттық жоспарын жасауды ұсынды.

Әрине, «Ақ жол» партиясы жолдаған депутаттық сауалдарды түгел тізіп шығу мүмкін емес. Осы тұста мына бір қызық дерекке назар аудармақ керек. Жетінші сайланған Мәжіліс депутаттары барлығы 422 сауал жолдапты. Соның жартысынан көбін ақжолдық депутаттар жолдаған екен. «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясының фракциясы депутаттары Серік Ерубаев (124) пен Қазыбек Иса

(123) көш бастап тұр. Бұл саны жағынан аз болса да ақжолдық депутаттардың белсенділігін, өз міндетіне деген жоғары жауапкершілігін көрсетеді.

## ДЕПУТАТ ХАЛЫҚ КӨНІЛ-КҮЙІН ДӨП БАСУЫ КЕРЕК

Партия бұқараның белгілі бір тобы. Ал сол партиядан ұсынылған депутаттар халықтың қалаулылары болып табылады. Сондықтан депутаттар халықтың мұқ-мұқтажын тұрақты ескеріп, оның көңіл-күйін дөп басуға тиісті.

Биылғы қаңтардағы қанды қасірет бүкіл елімізді дүр сілкіндіріп, мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғандар ең қасиетті Тәуелсіздігіміздің өзін құрбан ете жаздады. Осы қатерлі кезеңде «Ақ жол» депутаттары халықпен кездесіп, белсенділік көрсетті. Мәжіліс депутаты, қоғам қайраткері, белгілі ақын Қазыбек Иса ҚР Бас прокуроры Ғ. Нұрдәулетовке, ҚР Президенті жанындағы Адам қауқу депутаттық сауал жолдап, «Мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғандар түгел анықталуы тиіс!» деген талап қойды. Қаңтардағы қырғында 227 адам астам тапты. Жалпы 4500-ден астам адам зардап шегіп, 4353 адам түрлі жарақат алған. «Мұндай қасиетті қазақ тарихына қара танба салған қанды қасірет қайта қайталанбауы үшін, Мемлекеттік төңкерісті жасамақ болған кімдер, басшысы кім, қосшысы кім, орындаушылары кімдер, бәрі толық анықталып, түгел жауапқа тартылуы тиіс!» - деді Қазыбек Иса. Мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті толық тергеліп біткен соң, оның нәтижесін бүкіл ел білуі үшін Парламенттік тыңдау өткізу керектігін алға тартты.

Парламенттегі депутаттық сауалдардан соң Мәжілістің жалпы отырысында Бас прокурор бастаған күштік құрылымдар басшыларының барлығы келіп есеп берді. Бұл отырыста да депутат Қазыбек Иса осы мәселеге қатысты көлемді баяндама жасап, қазынаға бай, кенге толы елде кедейшілік болмауы тиіс, кедейліктен қашығып, соңы не болғанын қанды қаңтар көрсеткенін, халық ақиқаттың айтылуын күтіп отырғанын жеткізді. «Елдің әлеуметтік экономикалық жағдайын жақсарту үшін, мемлекетшілдік-ұлтшылдық сана қалыптастырып, саяси ұстанымымыз берік болуы үшін ең алдымен 30 жыл күткен Ұлттық идеологиямызды жолға қою – ең басты міндетіміз болуы тиіс! Ұлттық идеологиялық концепция қабылдауға тиіспіз! Қасірет қайталанбас үшін ұлттық келісім жасалуы керек» - деді депутат. Бұдан бөлек қайғылы қаңтар кезінде ауыр қылмыстарға қатысы жоқ ұсталғандарды босату керектігі туралы және тағы да басқа сауалдар жолданды.

Көп партиялы демократиялық қоғам құруға бет бұрғанымыз анық. Бірақ сол партиялардың халық алдындағы беделі жоғары болғанын қалдыра берді. Партияның беделі оның белсенділігі мен нақты ісіне байланысты екені де белгілі. Бұл жөнінен «Ақ жол» партиясына халықтың айтар алғысы ерекше деп білеміз. Алаш партиясының аманатын арқалаған ақжолдықтарға ел құрметіне бөлене беріндер деген тілегімізді білдіргіміз келеді.



## МЕРГЕНДІК – ҚАЗАҚҚА ТӘН ҚАСИЕТ


Біздің халық садақ атудың қырсырын игерген сайыпқырандарды «Құралайды көзге атқан мерген» деп ертеден жоғары бағалаған.

Осының дәлеліндей бұл күндері бұл өнер жоғалған жоқ, қата бабалар жолын қуған қазақ садақшылары Азия кубогына биіктен көрініп, ел мерейін асыруда.

Қазақстан құрамасы ерлер арасындағы садақ атудан Тайландта өтіп жатқан Азия кубогының финалына шықты. Қазақстандық садақшылар классикалық садақ атудан топтық жарыста табысқа жетті.

Шешуші кезеңде спортшыларымыз Үндістан құрамасымен кездеседі. Финалда Қазақстан атынан Санжар Мұсаев, Дәулеткелді Жанбырбай және Ильфат Абдуллин қатысады.

Сондай-ақ, жекелей садақ атудан Дәулеткелді Жанбырбай Азия кубогының финалына шықты. Отандасымыз классикалық садақ ату



сайысында алтын жүлдеге таласады. Дәл осы спорт түрінен Ильфат Абдуллин үшінші орын анықталатын кездесуде өнер көрсетеді.

Айта кеткен жөн, 1900 жылы Парижде өткен Олимпиада ойындарына садақ ату өнері қосылған, бірақ 1920 жылы олимпиадалық спорт түрлерінен қайта шығарылып тасталған екен. Тек 1972 жылы әлемнің ең басты бәсекесіне қайта оралады.

Бүгінде садақ атудан ерлер мен әйелдер арасындағы жеке және командалық біріншілікте төрт жүлде жинағы ойнатылады.

Садақ ату өнері елімізде 1968 жылдан бері ресми спорт түріне енген. Ал заманауи тарихымызда Қазақстан садақшылары 1992 жылы FITA халықаралық садақ ату федерациясына қабылданғаннан кейін жеке-дара өнер көрсете бастады.



## БЕЙЖІНДЕ ДЕ БИІКТЕН КӨРІНДІ

Қазақ елі командасының Бейжің Паралимпиадасындағы нәтижелері қорытындыланды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Ұлттық паралимпиада комитеті Қазақстандық спортшылардың Бейжіңдегі ойындарға қатысуының қорытындысын шығарды.

— 4-13 наурыз аралығында Қытайда өткен XIII қысқы Паралимпиадада біздің команда бір қола медальға ие болып, 53 ел арасында командалық есепте 17-ші орынға тұрақтады. Паралимпиадада 700-ден астам спортшы спорттың 6 түрінен 78 медаль жиынтығын ойнады. Оның ішінде біздің спорт-



шылар 12 медаль жиынтығы бойынша жарысты. Паралимпиадада ел намысын 5 спортшы қорғады, — деді ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Ерғалиев.

Бейжіңдегі Паралимпиаданың қорытындысы бойынша спортшылар мен жаттықтырушылар мемлекеттен 131 млн теңге алады және «Дене шынықтыру және спорт саласы туралы» Заңға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Александр Герлицке бір бөлмелі пәтер береді.

Александр Герлиц парабиатлонда 10 шақырым қашықтықта көрсеткен нәтижесінің арқасында үшінші орын алды. 2022 жылғы Паралимпиада қорытындысы бойынша Александр Герлицке «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері» атағы берілді.

## КЕҢ ДАЛАНЫ ДҮБІРЛЕТКЕН

Қазақтың дәстүр-салт, жөн-жоралғыға бай. Соның ішінде ең қастерлі дүниесі бар. Ол — ұлттық ойындар. Оның мақсаты адамзатты игілік, ізгілікке баулу болып табылады.

Нидерландық мәдениеттанушы Иохан Хейзинг «Ойнаушы адам» кітабында «Ойын — қоғамның кез келген саласында өзіндік рөл атқарады» дейді. Шын мәнінде де «ойнасаңды — ойлап ойна» жетпес «ойнады, бірақ ойнасаңды айттың» деп жатады. Осыдан-ақ, қаншалықты маңызды қызметке ие екендігін бірден байқауға болады.

Дәлірек:

- Ойын — өмір;
- Ойын — тағдыр;
- Ойын — күлкі;
- Ойын — арман.

Ұлыстың ұлы күні ойын-сауықсыз өтпеген. Қыстан жүдеп шыққан халықтың көңіл күйін көтеруге, жадыратуға, жаңа жылға жаңа арман, мақсаттармен баруға негізделген.

Биылғы Наурыз мейрамында да жерлестеріміз ежелден қанына сіңген кең-байтақ елдің түкпір-түкпірінде ұлттық ойындарымен кең даланы дүбірлетті.

### ТЕҢГЕ ІЛУ

Теңге ілу — бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет тойларының думанында ойналады. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі самдағай әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады.



### АСЫҚ ОЙЫНЫ

Асық ойыны қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйек — асықтай ойналады. Иіргенде түскен алпына қарай асық — алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арналған арнайы қорғасын құйылып жасалғаны — сақа, оң қолмен атуға ыңғайлы — оңқы асық аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б.

### АЛТЫБАҚАН



Алтыбақан — қазақтың ежелгі ұлттық ойыны. Тымық кеште, айлы түнде, ауыл сыртында ойналады. Алтыбақан ойыны ежелгі көшпелі елдер арасында кең таралған. Ол жастарды әріпест тандауға, ептілікке, тапқырлыққа, өнерлікке бейімдейді. Қазақ телевизиясы 1970 жылдары көгілдір экраннан жүйелі түрде «Алтыбақан» сауық кешін ұйымдастырып тұрды.

**P.S. Жалпы, әр ойынның өз миссиясы болған. Асық ойындары баланы батылдыққа баулиды. Теңге ілу ширақтыққа, әскери өнерге тәрбиелейді. Алтыбақан отау құруға, жастардың шаңырақ көтеруіне жәрдемдеседі. Наурыз мейрамының бір қыры адамзатты ойын қасиетімен жақындастырып, татулық пен береке-бірлікке үлдеген, ұрпағын әрдайым ептілікке, ерлікке баулыған.**

Бетгі дайындаған:  
Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ,  
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

## 1. ЕЛДЕГІ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

— Расында да, «Бізде сөз бостандығы, сөз еркіндігі деген көбіне жоқ, бәрі шектеулі» деп айтылып қалады. Бірақ, Құдайға шүкір, ел өзінің ой-пікірін бүкпесіз айтып келе жатқалы да талай уақыт өтті. Тіпті, қарап жүрсеңіз, базбіреулер әлеуметтік желіні былай қойып, баспасөз арқылы да аузына келгенін айтып жатады. Ал енді сөз бостандығы осы екен деп шектен шығуға бола ма?! Бірақ бізде бетмен кетушілік көп. Қарапайым мәдениетті естен шығарып жатамыз. Менің бір таң қалатыным, мұндай өрескелдіктің өзіне кешіріммен қарау үшін, осындай оспадарлықты көтеру үшін де керемет жүйке керек шығар-ау. Кейбіреулер, мысалы, сөл артық айтылған сөзге бола да соттасады. Кейде баспасөз бетіндегі әлгіндей «еркіндікке», әсіресе, үлкен биліктегі адамдардың төзіп отырғанын көріп, бұлардікі неғылған жүйке деп қайран қаласыз. Осыдан кейін бізде сөз бостандығы жоқ деп қалай айтарсың!

## 2. БҮГІНГІ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ БАСТЫ КЕМШІЛІГІ МЕН ЖЕТІСТІГІ ЖАЙЫНДА

— Бұрынғы әріптестеріміздің көпшілігі бірден жазса Алатауға алпыс жол, Қаратауға қырық жол арнап отырып алатын еді. Жаңа заманғы журналистика ондайдан арылды, бірақ сөз қолдану мәселесі бәрібір кейінгі буынның ең үлкен ділгірлігі ретінде қалып келеді. Әр дәуірдің өз артықшылығы бар. Айталық, бұрын «стиль» деген нәрсе болатын. Баяғыда әр журналисті өз мәнері айқындайтын-ды. Ал қазір олай емес, бәрі сапырылысып кеткен сияқты. Қазір баяндау басым, нақтылық тапшы. Сөзді нәрлеп, дәмін келтіріп жеткізе алмау жәйі бүгінгі журналистиканың кемшілігі екені де анық. Ескі кадрлер сөз қадірін, жалпы журналистиканың не екенін жақсы біледі. Алайда олардың жаңа заманғы технологиялық процестерге қатысуы олжылау ма деген ой келеді; оны игеруі жағынан бейімі төмендеу секілденеді. Ал жастар керісінше, компьютерді де, нарықтың талабын да, бәрін жақсы игерген. Әйтсе де ең қажетті элемент — Тіл жағынан келгенде осал. Теле-радио журналистикасында оқиға орнынан бірден репортаждар беріп, тікелей эфирге шығып кететін жағдайлар жиі кездесіп жатады. Ондайда тілдік норма бұзылмай тұрмайды. Ал бірақ ойдың да, тілдің де әрбір келтіріп, асықпай, мәнерлеп дайындайтын шұрайлы дүниелер болады. Міне, жас журналистер, әсіресе, осындайда қай жағынан да биіктен көрінсе деп ойлайсың.

## 3. ЕРТЕДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН КӘСІБИ ЖОҒАРЫ «МАРКА- НЫ» ТӨМЕНДЕТПЕУ ТУРАЛЫ

— «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Түркістан» газеттерінің ұлттық, елдік мәселелерді биік деңгейде жеткізіп жазып келе жатқаны рас. Бұлар қазақтың аса бай тілдік қорын, сөз бостандығын қолданулары әрқалай болғанымен, рухани деңгейлері ересен, ішкі мәдениеті терең басылымдар. Осы сапқа кейіннен қосылған «Қазақ үні», «Жас



# БАСПАСӨЗ

# БАЛКЕРІ

Үлкен өнер саналатын шебер журналистік бір басқа да, осы салада білгір басшы болу екінің мәселе. Ойлап қарасаңыз, бұған да айрықша дарын керек сияқтанады. Әйткенмен, осы қос міндетті биік деңгейде тең көтеріп, іскер жетекші ретінде танылған әріптестеріміз де баршылық. Солардың бірі – республикалық «Ана тілі» газетінің Бас редакторы, халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты, Журналистер одағы сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қали Сәрсенбай...

Қарап отырсақ, наурыз айының 22-сі «Ана тілі» газетінің алғаш жарық көрген күні екен. Биыл басылымның шыға бастағанына түп-тура отыз екі жыл болыпты. Біз бұл сапар Қалакеңнен қазіргі қазақ баспасөзінің тыныс-тіршілігі төңірегінде аз-кем сыр тарттық.

қазақ» та де ұлтымыздың рухани әлеміне жаңаша леп ала келген газеттер. Әлбетте, бұл ретте біздің «Ана тілі» басылымы да журналистика әлемінде өз қолтаңбасын айшықтауға күш салатыны анық.

Тағы бір тоқталатын жәйт — аталған басылымдардың қай-қайсы да жаңа заман талабына сай техникалық безендірілуі жағынан белгілі биікке көтерілді. Рас, жалпы тарихымызда техникалық творчество жағынан аздап кенжелеу қалғанымызды мойындау да керек шығар. Міне, осы кемшілігіміз газеттерімізде көрініп қалуы ықтимал. Бізде, әдетте, фотосуреттерді, заставкаларды беруге, тағысын-тағы безендіру істеріне қарағанда жарияланатын дүниенің мән-мағынасына, мазмұнына көбірек назар аударылады. Бірақ баяғы Сейдахмет Бердіқұловтың тұсындағы «Лениншіл жастың» техникалық безендіру ықпалы осы күнге дейін жалғасып келеді десем артық болмас. Өзі, «Лениншіл жасты» қазақ журналистикасының космодромы... ұстаханасы дейді ғой. Көптеген шебер қаламгерлер осы қара шаңырақтан түлеп ұшқан. Ең мықты макетшілердің бәрі де сол жерден шықты. Мысалы, Жанат Елшібек, Жарылғап Бейсембай, Ерғали Сағат... Кейінгі Сапарбай Парманқұл, Ертай Айғалилардың

бәрі газет макетін қыздың жиған жүгіндей қылап жасайтын. Бұл көбінесе Сейдаханның талабына да байланысты болатын. О кісі ең алдымен макетке қарайтын еді. Ұнамаса лактырып жіберетін. Менімше, сол мектептің жалғасы әлі де, әсіресе, қазіргі «Жас Алаштан» да, «Егемен Қазақстан» да айқын сезіледі.

Өз басым газеттің қара жұмысынан өттім. Екі жыл «ЛЖ»-да корректор болдым, үш-төрт жыл секретариатта істедім. Одан «Егемен Қазақстан» мен «Жетісу» секретариатының да «қазанында» қайнап-пісуге тура келді. Кейінірек «Өркен» газетінде жауапты хатшы қызметін атқардым... Сондағы бір байқағаным, біздің көпшілік қаламгер бауырларымыз техникалық шығармашылыққа салғырттау қарайтын еді. Қазір де бірқатар журналистердің компьютерді қабылдауы мінездері кездеседі. Әлгі «жерсінбеу» деген ұғым бар ғой. Әлі де сондай бір тосырқау әдеті жоқ емес секілденеді. Әйткенмен, Құдайға шүкір, қазақ басылымдарының дизайн деңгейі көп жоғарылады. Осындайда еске түседі, баяғыдағы Бағдат шалды білесіз... «Лениншіл жаста» жарты ғасырдай еңбек еткен суретші-ретушер Жандосайды... Сол кісілердің барлығы макетке қатысатын кезінде. Бүкіл секретариат көдімгідей бірігіп отырып жасайтын еді...

## 4. КЕЗІНДЕ ӨЗ ҚОЛЫМЕН КӨРКЕЙТКЕН «АЛМАТЫ АҚШАМЫНЫҢ» ЖЕТІСТІГІ СЫРЫ ТУРАСЫНДА

— Өзі, газет дегеніңіз айналып тұрған бір конвейер сияқты ғой. Мысалы, журнал шығарсаң біраз уақыт бар. Ойланып-толғануға, белгілі бір бағыттарды айқындауға, тақырыптарыңызды пысықтауға мүмкіндік мол дегендей. Ал газетте ондай жағдай жоқ. Бұл дегеніңіз күнделікті қайнап жатқан процесс. Дерекке кірісіп, батыл шешімдерді жүзеге асыра бастаған едік. Және «Ақшам» — алаштың бір анасындай Алматының газеті. Қазақтың бәрі елендеп қарап

отыратын ару қаланың... шулы мегаполистің басылымы. Оның өзіндік ерекшеліктері болады. Әуелі соны зерттедік. Алматының аты Алматы! Ауылға барсаң алдымен «Алматыңда не жаңалық?» деп сұрайды. Қалалық газет деген аты болмаса республиканың түкпір-түкпіріне тарайды. Жиырма жылға жуық тарихы бар. 1988-ші жылдан бастап бүкіл республикалық каталогтерге енген. Телефон шалып, хат жазып жататындар көп. Халыққа ерекше ұнайтын қасиеттері бар басылым. Сондықтан осыны әрі қарай тереңдету үшін тер төге бастадық. Ең басты ойымыз жұрт Алматыдан жақсы хабар күтсе... Бір иманды, биязы, тартымды газет жасасақ дедік. Қалың оқырман бүгінде айқай-шудан, өзге де жеңіл-желпі нәрселерден, желбуаз дақырттан

## 6. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ҚАҒИДАСЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЗ

— Газетке не бересіз? Қандай оймен келдіңіз? Міне, осының бәрін қағазға түсіріп беріңіз дер едім. Егер ол белгілі дәрежеде оқу-тоқуы бар және жазу мәнері бөлектеу... Бұған қоса журналистикаға деген шынайы құлшынысы бар адам болса, оның ұсыныстарының ішінен құрығанды он пайыздай бірден табысын. Міндетті түрде! Міне, осындай принциптен кейін барып жұмысқа қабылдаймыз. Шынын айту керек, бүгін бізде жұмыс істейтін кейінгі жастардың ізденіс өрісі, құлшынысы қуантады. Оны зерделі оқырман байқап та жүрген болар. Дегенмен, арасында кейбір жас журналистер ештеңе оқымай ма, жан-жағына қарамай ма деген түйткіл туындап қалатыны да жоқ емес. Кейбір қыз-жігіттер кімнің кім екенін... Кімнің өлі-тірі екенін білмейтін жәйттері де кездесіп жатады. Мәселен, Оралхан Бөкейді сұхбат алып кел десен, сенен о кісінің телефонын сұрайтын да адамдар бар. Оқымайды... Білмейді деген сөз ғой. Сондықтан біз өзіміздегі жас мамандардың дүниетанымы деңгейін кеңейтіп отыру ісіне де жіті мән береміз. Өйткені адам бірден кәсіби маман болып қалыптаспайды ғой. Әуелі нешекілі сүзбектен өтуге тура келеді. Лездемелерде газетте не бар, не жоқ... дегендей, ұдайы өзара ақылдасып отыруды ұмытпаймыз. Идея ұсынылады, өне бойы тақырыптарды айтып отыру керек... Ойлар талқыланады. Газеттің бизнесі де, қолтаңбасы да осындай-осындай ізденістер арқылы айқындалады. Мұндай мектептің жас тілшілерге де берері көп болмақшы. Нағыз шығармашылық адамы ештеңеге қанағаттанбауы керек. Әсіресе, газет қызметкері тойымсыз... рухани ашқарақ болуы шарт. Токмейілу пайда болған сәттен тоқырау басталады. Мақтауға да мастанбаған жөн. Әркім әрқалай қолпаштайды. Біреу мысықтылеумен мақтайды. Ондайды, тегінде, қабылдаудың да қажеті жоқ өзі. Ол табиғи процесс. Жүре беретін уәдесі. Біреу мақтайды, біреу даттайды. Ал оны қабылдасаңыз тоқтағаныңыз. Жалпы шығармашылық процесс тоқырайды. Сондықтан оқу, тоқу... үнемі үздіксіз іздену болмаған жерде газет жұмысы бірден құлдырап, тірнектеп жиған абырой-беделіңізден қолма-қол айрылуыңыз қиын шаруа емес. Француз философы Дидро «Мен халқымыз бақытты ету үшін философ болдым» депті. Міне, сондай ниетпен еңбек ететін журналист те газеттің бағы ғой!

\*\*\*

Осындайда «Генерал болуды армандамаған солдат солдат емес» деген уәж ойға оралады. Байқап қарасақ, қаламынан әр жылдарда «Өнер-өмір», «Сендерді сағынғанда», «Тұлға-тағдыр», «Шал мен шындық», «Абыз-аңыз», «Шер-шындық» сияқты көптеген кітаптар туып, журналистік салада қатардағы сарбаздықтың білікті сардар деңгейіне көтерілген Қали Сәрсенбай жетістігінің сыры оның жастайынан қызығы мен шығығы мол осынау мамандықтың ыстық-суығынан өтіп, ерте шындалғандығында сияқтанады.

Әлбетте, қаламгердің жазушылық дарыны туралы әңгіме өз алдына бөлек тақырып.

После онлайн-обучения система образования Казахстана приходит к себе. Общеизвестно, что дистанционное обучение негативно повлияло на качество знания школьников и студентов. И такая слабая функциональная неграмотность наших школьников за время дистанционного обучения снизилась на несколько пунктов.

# PISA:

## УЧАЩИЕСЯ НИШ ОПЕРЕЖАЮТ СВЕРСТНИКОВ НА 124 БАЛЛА



### ДИСТАНЦИОНКА: РОСТ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ НЕГРАМОТНОСТИ

Об этом написал в своем исследовании «Пандемия и образование в Казахстане: Серьезные потери и увеличение неравенства» Жан-Франсуа Марто, постоянный представитель Всемирного банка в Казахстане: «Система образования в Казахстане сталкивалась с вызовами еще до начала пандемии. До вспышки COVID-19 6 из 10 учащихся в Казахстане были функционально неграмотными – и это в стране с уровнем дохода выше среднего, где среднестатистический ребенок завершает 13,7 лет обучения в школе. Пандемия грозит привести к функциональной неграмотности еще более 100 000 учащихся».

Это и неудивительно – в некоторых аулах не было интернета, школьники и студенты ловили интернет на крыше или выходили в поля, забирались на близлежащую возвышенность, гору, где ловил интернет, чтобы отправить выполненные работы преподавателям.

Особенно трудно было в «вирусное» время сельским школам, тяжело пришлось школьникам из отдаленных аулов, где были перебои с интернетом, нехватка компьютеров, неготовность системы образования, учителей и школьников к онлайн-обучению и т.д. Большие трудности испытали и учащиеся младших классов. Если старшеклассники выполняли только домашние занятия, то малышам приходилось писать и классную работу, и домашнюю.

Конечно, в вузах ситуация с дистанционным обучением (ДО) была лучше, чем в школах, студенты и преподаватели более подготовлены.

Вообще-то как дополнительное обучение ДО давно используется за рубежом, особенно в вузах при определенных условиях. Это вроде советского заочного образования без посещения учебного заведения. ДО позволяет многим получить образование, находясь далеко от вуза.

У нас ДО использовалось в некоторых вузах, используется в Назарбаев интеллектуальных школах (НИШ), если школьники находятся за рубежом или по каким-то причинам не могут посещать занятия, находясь в Казахстане.

С этой точки зрения есть большой положительный результат от ДО как для школьников, студентов, так и для преподавателей, которые заметно повысили свой уровень владения информационными технологиями, стали активнее пользоваться различными образовательными платформами,

программами для подготовки презентаций и обычными месседжами.

Но как постоянная всеобщая основа обучения дистанционка привела к значительному снижению уровня образования.

### PISA: УЧАЩИЕСЯ НИШ ОПЕРЕЖАЮТ СВЕРСТНИКОВ НА 124 БАЛЛА

Низкое качество обучения в сельских школах особенно остро проявилось в последние годы, что вызвало справедливую озабочен-



ность в обществе. Эта социальная проблема была и в советское время, однако она сильно усугубилась в годы независимости с упадком сельского хозяйства, незавидным положением села. Ведь эта проблема не только образования, но в целом развития экономики, сельского хозяйства и сельских населенных пунктов.

В то же время в РК есть специализированные школы, где школьники показывают хорошие результаты: РФМШ, НИШ, БИЛ и др.

Жан-Франсуа Марто в упомянутой статье отмечает разрыв между лучшими и слабоуспевающими учениками: «Взять, к примеру, Назарбаев интеллектуальные школы – сеть из 22 высоко конкурентных школ для наиболее способных учеников. Учащиеся НИШ опережают своих сверстников на 124 балла PISA, что соответствует почти трем годам обучения. Что касается функциональной грамотности, то успеваемость учащихся из НИШ также разительно отличается от среднего показателя по стране: согласно результатам PISA за 2018 год, всего 6,2% учащихся НИШ были признаны функционально неграмотными в сравнении с 64% по стране».

Высокая успеваемость небольшого числа учащихся – 1-2% школьников РК – это хорошее достижение системы НИШ, и к таким результатам следует стремиться и в других школах, чтобы повышать средний уровень успеваемости по

стране, для обеспечения большего равенства школьников.

В то же время опыт НИШ необходим для преодоления недостатков среднего образования, в первую очередь пересмотра, переоценки Единого национального тестирования, к которому целенаправленно готовят на протяжении многих лет, хотя ЕНТ показало свою неэффективность, не говоря о списывании на его сдаче. А также повысить качество школьных учебников.

Разрыв между лучшими и слабоуспевающими учениками стал темой в СМИ и социальных сетях с критикой системы НИШ за большое финансирование, «социальную несправедливость», неравенство школьников и т.д.

Например, депутат мажилиса Ирина Смирнова считает, что у одаренных детей из села нет шансов обучаться в НИШ без специальной подготовки. Да, формат и вопросы тестов по 4 предметам для поступления в НИШ отличаются от тестирования и ЕНТ в обычных школах, не говоря о невозможности списывания, как при сдаче ЕНТ. Если в обычной школе готовят к тестированию и ЕНТ, то так же необходима подготовка к сдаче экзаменов в НИШ – это немного разные системы образования.

К тому же в НИШ учатся немало школьников из сельских школ, которые подготовились самостоятельно. Есть также возможность онлайн подготовки без репетиторов или специальных курсов. Надо отметить, что в эти школы часто поступают дети из простых семей, не имеющих средств на платное обучение, мало детей из обеспеченных семей, такие, как правило, учатся в частных платных школах или за границей.

Ведь именно для детей из сельской местности предназначены общежития НИШ, а также детским инвалидам, детям из многодетных, малообеспеченных семей и др.

Раз есть бесплатный интернет, есть и бесплатное питание, школьная форма, по этой причине и финансирование на НИШ в несколько раз больше, чем на обычную школу.

В РК нужны разные школы: государственные, частные, специализированные и др.

НИШ, как и РФМШ, БИЛ и другие специализированные школы, построены по образцу московской школы А.Н.Колмогорова, выдающегося советского математика. В НИШ переняли суть этой модели: бесплатное обучение и интернат для детей из разных регионов и слоев населения, углублен-

ное изучение математики, химии, биологии, английского языка и др., прием в спецшколу на основе честного и большого конкурса.

Система НИШ заметно отличается от обычных школ – в них нет коррупции, «блата-свата», сбора денег с родителей, лишних учебных предметов; есть справедливая оценка успеваемости, раскрытие лидерских способностей, таланта каждого.

Здесь реально учатся одаренные дети из всей республики. Огромный конкурс в НИШ и Назарбаев университет отбирает самых сильных и достойных детей. Поэтому не надо их закрывать – наоборот увеличивать количество таких школ и вузов. Именно ученику НИШ принадлежал уникальный рекорд в 2018 г. на международных экзаменах АСТ и SAT Subject Tests: он набрал возможный максимум – 36 из 36 и 2 400 из 2 400.

### НЕ ПОРА ЛИ ПЕРЕСМОТРЕТЬ ИЛИ ОТКАЗАТЬСЯ ОТ ЕНТ?

В 2019 г. президент Владимир Путин предложил открыть в Казахстане российско-казахстанские школы и университет. От нашего президента было ответное предложение – открыть филиалы НИШ в России. «Можно было бы рас-



смотреть возможность создания в одном из приграничных регионов России филиала Назарбаев интеллектуальных школ, где уровень преподавания удивительно высок и отвечает передовым международным стандартам», – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Знаковым событием для НИШ является успешное прохождение международной аккредитации CIS (Совета международных школ), самой известной в мире организации, созданной для продвижения высших стандартов и последних достижений в области образования. 18 Интеллектуальных школ получили международную аккредитацию CIS.

Выпускники НИШ с легкостью поступают в зарубежные и наши вузы. Каждый пятый выпускник

этих школ в 2017 г. поступил в зарубежный вуз. Примерно 90% выпускников НИШ обучаются за счет государственных или университетских грантов. Некоторые выпускники проходят обучение в Гарварде.

Такая же ситуация с НУ – поступают на основе большого и честного конкурса без блата, взятки, списывания, как в наши вузы с ЕНТ, обучение на английском языке. НУ также показывает высокий уровень знаний и компетенций.

Основную особенность НИШ отметила Ирина Смирнова, правда в негативном ключе: «И самая главная привилегия – НИШ не участвуют в Едином национальном тестировании, которое, отнимая уйму времени, значительно снижает качество знаний школьников. То есть НИШ, получается, живет как государство в государстве».

Да, выпускники НИШ не сдают ЕНТ – сдают вместо него свои внутренние и внешние экзамены, которые приравнены к ЕНТ, что позволяло поступать в отечественные вузы. Это было определено Законом от 19 января 2011 г. «О статусе «Назарбаев Университет», «Назарбаев Интеллектуальные школы» и «Назарбаев Фонд», на основании которого осуществляется деятельность этих учебных заведений.

Например, итоговую аттестацию в НИШ проводят совместно с Международным экзаменационным советом Кембриджского университета. А в оценивании экзаменационных работ принимают участие международные эксперты. Ученики НИШ сдавали экзамены внешнего оценивания, разработанные МЭСК и сопоставимые с международным уровнем A-level.

По окончании НИШ выпускники получают аттестат об общем среднем образовании, сертификат по английскому языку IELTS, международный сертификат CIE с результатами экзаменов внешнего суммативного оценивания.

На мой взгляд, высокий уровень успеваемости в НИШ не только в отсутствие коррупционных составляющих при поступлении, ориентации на западную систему образования, ведении отдельных предметов на английском языке, но и в освобождении этих школ от ЕНТ.

В самом деле, зачем НИШ ЕНТ, «которое, отнимая уйму времени, значительно снижает качество знаний школьников»? Не пора ли пересмотреть или отказаться от ЕНТ? И за основу принять экзамены в НИШ без коррупции и списывания.



# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ NIS пен НАУРЫЗ ДӘСТҮРЛЕРІ

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Жасанды интеллект және мекатроника» Наурыз кездесулері өтті. Билығы жылы көктемгі дәстүрлі ғылыми жобалар байқауы қазіргі заманның ең өзекті басымдықтарының бірі – «Жасанды интеллект және мекатроника» тақырыбына арналды.

Қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі семинарларға жасанды интеллект, цифрлы технологиялар, робототехника, инженерия, сәулет және экология саласындағы танымал отандық және шетелдік спикерлер қосылды. Олардың қатарында Швейцариядан еуропалық футурист Герд Леонхард, Австралиядан сутек негізінде қозғалатын көліктер бойынша сарапшы Брендан Норман, ресейлік «R:ED» компаниясының білім беру жобаларын дамыту бөлімінің басшысы Алиса Большакова, Назарбаев Университетінің ғылыми қызметкері Жанат Махатаева және басқа да беделді ғалымдар бар. Зияткерлік мектептердегі барлық практикалық сабақтар топографиядағы Пифагор теоремасы, жер сілкінісін түсіну үшін математикалық модельдеуді қолдану, ғарыштық материалдарды құру және химия, биология, физика, математика және информатика саласындағы басқа да жобаларға арналады.

Наурыз кездесулерінің негізгі күні алғаш рет жаңа NIS-те, көне Түркістанда өтуінің символдық мәні бар.



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметкерлері әзірлеген оқу және цифрлы ресурстар көрмесінде оқулықтар, әдістемелік құралдар, жинақтар, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған нұсқаулық, сонымен қатар ел педагогтері арасында танымал «Жүйелік-әдістемелік кешен» онлайн платформасы, 3D форматтағы «NIS LAB» виртуалды зертханасы, NIS MEET POINT ашық онлайн платформасы ұсынылды.

«Мен сияқты жаса» секциясында жас ғалымдар мен өнертапқыштар STEAM жобалармен таңқалдырды, олардың көпшілігі медицинаға жасанды интеллектті енгізуге арналған. Мәселен, Тараз қаласындағы NIS оқушысы Камилла Машанло әзірлеген COVID-19 клиникалық симптомдарды бақылау жүйесі Жамбыл облысындағы ең үздік стартап атаныса, облыстық көпсалалы ауруханаға қолданысқа берілді. Оралдық Алмас Сапаровтың авторлығымен дайындалған ChestXRayAI қосымшасы рентген арқылы пневмония ауруын анықтауға мүмкіндік береді. Шым-

кент қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Зияткерлік мектептеріне оқушысы Аяулым Беркінбаева Наурыз кездесулеріне жасанды интеллект негізінде жасакталған FENIX биометриялық протезін алып келді, Аяулымның бұл жобасы авторлық құқық алып үлгерді. Астаналық халықаралық бакалавриат мектеп оқушысы Екатерина Ким мен Арман Рысмаханов зағип жандардың жазу қабілетін арттыратын «JAZGYSH» инновациялық құрылғысын таныстырды. Қарағанды мектебінің жас ғалымы Ұлан Мұстафиннің интерактивті ойындар түріндегі «STROKE REC AR» бағдарламасы науқастарды инсульттен кейін оңалтуға көмектеседі.



Наурыз кездесулерінің басты жобаларының бірі тұрмыстық жасанды интеллект негізінде шұғыл көмек көрсету және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша актөбелік жас өнертапқыш Аян Қайырбектің «UMAI ASAR» мобильді қосымшасы болды.

Экологиялық жобалардың үлкен сериясы дайындалды, оның ішінде істен шыққан техникалар бойынша «Екінші өмір» жобасы, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтарды ақылды жинауға, атмосфераны және жалпы табиғатты сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған роботтар мен роботтық жүйелер бар.

IT аймағында Түркістан облысындағы жалпы білім беретін мектептердің информатика пәні мұғалімдеріне дизайн және 3D модельдеу бойынша арнайы курс дайындалды. NIS-тің Наурыз кездесулеріне оңтүстік өңірінен барлығы 150-ге жуық мұғалім, мектеп директорлары мен олардың орынбасарлары, сондай-ақ 300-ге жуық оқушы келді.

Наурыз кездесулерінің негізгі оқиғалары ретінде бағдарланған оқу-жаттығу дрондарының ұшуы, «Ең сейсмикалық төзімді құрылым» командалық ойыны, сондай-ақ жас өнертапқыштар құрастырылған автокөліктер шыққан «NIS Intell Race» автожарыстарын атауға болады. Қатысушылар түрлі-түсті асықтармен безендірілген мерекелік аумақта жасанды интеллект «Алтын сақа» ойнады.

Наурыз кездесулері – Назарбаев Зияткерлік мектептері үшін айтулы оқиға, биыл олар дәстүрлі форматқа орала бастады. Жыл сайын наурыз айында NIS-тің жас ғалымдары мен өнертапқыштары халықтық дәстүрлер мен ұлттық мәдениетпен қолдау табатын бірегей жобаларды ұсынады.

## ■ MÀDENIET

Бүгінде ЮНЕСКО сөзін жиі естиміз. Әрине, белгілі бір ұйым екенін саналы түрде ұғамыз, алайда қандай бағытта жұмыс жасайтынын білеміз бе? ЮНЕСКО – БҰҰ-ның білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі дүниежүзіндегі мәдени және табиғи мұраларды қорғау ұйымы. 1945 жылы қараша айының 16-сында құрылып, 1972 жылы дүниежүзілік мәдени мұраларының қорғау жөнінде қарар қабылданған. Штаб-пәтері Францияның астанасы Париж қаласында орналасқан. Қазақстан бұл ұйымға 1992 жылдың мамыр айының 22-сінде мүше болып қабылданып, сол уақыттан бері белсенді әріптестікке ерекше ден қойған.

## ӘЛЕМДІК МҰРА БИГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЕЛІ

ЮНЕСКО мүшелігінің елімізге тиімділігі неде? Бізге мәлімі бүгінгі таңда табиғи зардаптарға орай, адамдардың кеселінен жоғалу алдында тұрған не қауіпті жағдай төніп тұрған аса бағалы тарихи ескерткіштер мен мәдени ошақ көздерін қайта қалыптастыруға және әлемдік құндылықтар көзі іспетті мұраларымызды қалыпты қатарға қосу үшін еліміз осы ұйыммен бірлесе белсене жұмыс жасай алатындығы қуантады. Еліміздің қарқынды дамуы мен кемел келешегі үшін ұлттық тарихымызды, мәуелі мәдениетімізді, таңғажайып тарихи ескерткіштерімізді естен шығармауға тиіспіз. Десек те, табиғи апаттар салдарынан жойылу алды қаупінде тұрған қайталанбас мәдени ошақтарымызды «реинкарнациялануға» тікелей осы ұйым қолдау білдіреді. Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген нысандары ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралары тізіміне енгізілді. 2003 жылы бүкіләлемдік материалдық емес мәдени мұра тізіміне енген Қазақстандағы тұңғыш нысан – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Бұл жөнінде 2003 жылы маусым айының 23-інде Париж қаласында ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында айтылған-ды. Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері – Қазақстандағы және Орта Азиядағы Әлемдік мұра тізіміне алғашқы болып енген табиғи нысан. Бұл шешім 2008 жылдың шілде айының 7-сінде Квебекте (Канада) өткен Әлемдік мұра комитетінің 32-сессиясында қабылданған-ды. Тамыры тереңде жатқан тарихы Қажымұқан балуаннан бастау алған қазақ күресі де ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енген 2016 жылы қараша айының 27-сінде қабылданған қарарда: «Домбырамен орындалатын күйлерін орындау өнері қазақ халқының ынтымақтастық жолында маңызды рөлін атқарып, халықтағы өзіндік ерекшелік және бірлік сезімдерін қалыптастырады» делінген-ді. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» дегеніміздің нақ өзі. Иә, қасиетті домбыраның құлақтан кіріп, бойды алған әсем әуені әлемдік мәдени мұра қатарынан неге көрінбеске; Ер жігіттің жеті қазынасының бірі – ат. Ер қанаты да - ат. Ендеше бұл қасиетті қолуардың асауын тұсаулап жаңа ұйрететін атбегілеріміздің де әдет-ғұрыпы 2018 жылы қараша айының 26-сы мен желтоқсан айының 1-і аралығында Маврикий

Республикасының астанасы Порт-Луи қаласында өткен ұйымның 13-сессиясы барысында мақұлданып, қазақ атбегілерінің көктемгі жоралғылары Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгізілгенді; 2016 жылы желтоқсан айында ЮНЕСКО-ның адамзаттың мәдени материалдық емес құндылықтарының көрнекілік тізіміне жаңа элемент енді, ол – Қазақстанға тән саятшылық. Бұл – жыртқыш құстарды аңға салу дәстүрі, қазақ халқындағы өте ерте замандардан келе жатқан спорттық өнер; Біржан сал мен Сүйінбайдан басталатын қазақтың нағыз өнері, суырыпсалма ақындардың айтысы мәдени мұра қатарына 2015 жылы желтоқсан айында кірген-ді; Біздің арғы тегіміз - көшпелі қазақ. Жаз жайлауда, қыс қыстауда көшкен кезде киіз үй қалқымыздың қара шаңырағы болған. Тек баспа-на ретінде ғана емес, әр нышаны бір жақсылықты, ырымдық ұғымды білдіреді. Бұл қасиетті қара шаңырағымыз – киіз үй де 2014 жылы қараша айында материалдық емес мәдени мұра санатына енгенді; Адамзаттың материалдық емес мәдени мұра қатарына ұлттық мейрамымыз Наурыз да енгізілгенді. Жаңа жылымыздың үш күн бойы 21-23 наурыз аралығында тойланатындығы бекіген-ді; Ұлттық ойынымыз асық ату да ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра қатарына 2016 жылы енген. Міне, осынышама ұлттық мәдени байлығымыз әлемдік мұралар, әлемдік құндылықтар сапынан көрінуде. Әрине, бұның өзі - ЮНЕСКО мен еліміздің тығыз қарым-қатынаста екенінің айқын айғағы.

Қысқасы, еліміздің болашағы үшін, келешекте әлемдік деңгейдегі танымал өркениетті елдер сапынан лайықты орнықты орын алу үшін ЮНЕСКО іспетті халықаралық беделді ұйымдармен бейбіт келісімде бірлесе жұмыс жасап, елімізді әлемдік деңгейге көтеруге көп болып тер төге беруге тиіспіз. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдығы қарсаңында ұлттық 10 нысанның әлемдік мұралар санынан көрінуі мол күш-жігердің, тынымсыз еңбектің арқасы екені даусыз. Десек те, ұлттық құндылықтар сапындағы қайталанбас бірегей елдік жәдігерлеріміздің санын еселей түсу, сөйтіп ұлттық құндылықтарымыздың адамзаттық құндылықтар сапынан танылуы жолында ойлы тер төгуіміз – келер жаңа ұрпақ алдындағы парызымыз.

Қалжан ТАРИХОВА,  
Айберген НҰРАЛЫ,  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ магистранттары,  
Данат ЖАНАТАЕВ  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері



# ТҮРКІСТАНДА

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Түркістан қаласындағы этноауылда Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай асық ату, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындардан жарыс өтті. Бұл ұлттық ойындарымыз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК және Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт

бөлімі ұйымдастырған сайыстың мақсаты – «2022 жылды - Балалар жылы» деп жариялауына орай ұлттық ойын түрлеріне жас спортшылар мен студенттерді, мектеп оқушыларын тарта отырып насихаттау, спорт саласына қатысты тарихи сананы жаңғырту, патриоттық сезім қалыптастыру және Наурыз мерекесін ұлықтау.

Мерекелік іс-шараны «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директорының міндетін атқарушы Еркін Тәжібаев ашып, Түркістан қаласындағы жоғары оқу орындары мен спорт мектептері



және музей қызметкерлерінің қатысуымен алғаш рет ұйымдастырылған спорттық сайыста бас қосқан қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Ұлыстың ұлы күнін ең бірінші ұлттық спорттан бастап отырмыз. Ата-бабадан бүгінге жеткен ұлттық ойындарымызды Түркістан қаласына келген қонақтарға дәріптеп, бүгінгі шараға қатысқан жанкүйер жастарға кеңінен насихаттау, елдіміздің іргелі қасиетін, үлгі-өнегесін таныту біздің басты мақсатымыз. Жас спортшылар мен жеңімпаздарға «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы арнайы сыйлықтар тағайындады. Сонымен қатар, бүгінгі сайыс барысында жоғары оқу орындарының ұстаздары мен музей қызметкерлері де бақ сынасады. Баршаңызға сәттілік тілеймін.



Бүгін-Көрісу күні. Халқымыздың дәстүрін дәріптеп, салтын сыйлаған бүгінгі ұрпақ әрбір күннің маңызы мен мәнін де терең ұғынуы қуантарлық жағдай. Баршамыз үлкеннің батасын алып, қуанышпен көрісе берейік. «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің бастамасымен ұлттық спортты насихаттаудан басталған шара келесі күндері ұлттық тағамдар мен ұлттық киімдерді, салт-дәстүрлерді насихаттауға, республикалық акындар айтысына ұласады», – деді, Еркін Ботабайұлы.

Жарысқа қалалық Ұлттық спорт мектебінің спортшылары мен мектеп оқушылар қатысып, бақ сынады. Сонымен қатар, студенттер мен ересектер арасында гир тасын көтеру, командалық арқан тарту, жебе тарту сайысы бойынша да жарыстар ұйымдастырылды. Спорттық сайысқа Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Алғашқы әскери дайындық», «Спорт және денешынықтыру» факультеттерінің студенттері, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің «Спорт және денешынықтыру», «Туризм» факультеттерінің студенттері, басқа да оқу орындарының шәкірттері қатысты.

Жеңімпаздарға «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы атынан арнайы ақшалай сыйлықтар мен диплом берілді.

## НАУРЫЗ МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАДЫ

Батыс Қазақстан облысында Наурыз мейрамы бір апта бойы тойланды. 14 наурыз – Көрісу күнінен басталған мереке облыс орталығы Орал қаласы мен барлық аудандағы түрлі мәдени, спорттық іс-шараларға ұласты.

Күн мен түн теңелетін 22 наурыз күні қаланың 16 жерінде мерекелік бағдарлама қойылды. Тұңғыш Президент алаңында киіз үйлер тігіліп, керней қағылып, «Самарқанның көк тасы», «Наурыз – көктем гүлі», «Қыдыр ата батасы», «Жер Ана мейірімі», «Балалар тартуы» және «Достық» тақырыбында театрландырылған көріністер сахналанды. Наурызға арналған концерттік бағдарлама көрермендер назарынан тыс қалған жоқ. Сонымен қатар ұлттық тағамдар (наурыз

көже, бауырсақ) халыққа ұсынылып, қолөнер шеберлерінің жәрмеңкесі де өтті. Шаһар жастары алтыбақан аясында домбырамен ән әуелетіп, тұрғындардың көңілін көтере түсті. Ал арнайы ұйымдастырылған спорт алаңында түрлі ұлттық ойындар (қазақ күресі, арқан тарту, қол күресі, асық ату, т.б.) бойынша сайыстар өтіп, жеңімпаздар марапатталды. Мерекелік шараға қатысқан облыс әкімі Ғали Есқалиев Ақ Жайық жұртшылығына ізгі тілегін білдірді. «Ежелден Наурыз адам мен табиғаттың жанаруы, жаңа өмірдің бастамасы ретінде қабылданған. Қыстан аман шыққанына қуанған халқымыз бір-бірімен құшақ жая көрісіп, көктем мен жазға илесе, жақсылық келеді деп бағамдаған. Осы ұлы ме-

реке қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын арнап, елдің саяси реформасына қатысты жаңа міндеттерді белгілеп берді. Президентіміздің тың бастамаларын қолдап, жаңа Қазақстан құруға бір кісідей жұмылып атсалысайық! Еліміздің мерейін өсіріп, ұлттық болмысымызды айшықтайтын Наурыз мерекесі әр отбасына шексіз шаттық пен бақыт, құт-береке мен молшылық әкелсін!», деді өңір басшысы. Наурыз мерекесі Батыс Қазақстан облысында сәуір айының соңына дейін жалғасатын болады.

Qazaquni.kz

Меншік иесі:  
«Қазақ үні» ЖШС  
**ҚАЗАҚ ҮНІ**  
Президент –  
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

Бас редактор –  
Құлтелеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –  
Зейнолла АБАЖАН

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің  
Бас редакторы –  
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы –  
Гүлмира САДЫҚ

**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**  
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:  
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ  
(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**  
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**  
Нұрсұлтан НҰРМАН  
(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**  
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

**Жезқазған қаласы:**  
Жанат АСАНҚАЛИ  
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Қарағанды облысы:**  
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**  
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**  
Рахат АЛТАЙ  
(8-775-998-15-39)

**Түркістан облысы:**  
Әбдіғаппар АЙДАР  
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)  
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**  
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Тарату бөлімі:**

**Нұр-Сұлтанда:**  
Жасұлан ИСА  
(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**  
Мүтән ИСМАЙЫЛ  
(8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»**  
дүңгіршіктерінде сатылады  
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**  
**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**  
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail.com**  
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**  
**Зейнолла Абажан**

ТОО «Қазақ үні»  
БИН 000540006784  
ИИК KZ50856000000385541  
АГФ АО «БанкЦентрКредит»  
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17  
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында  
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.  
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**  
**«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:**

1 ай	қала	429,24	3 ай	қала	1287,72	6 ай	қала	2575,44	12 ай	қала	5150,88
1 ай	ауыл/аудан	447,86	3 ай	ауыл/аудан	1343,58	6 ай	ауыл/аудан	2687,16	12 ай	ауыл/аудан	5374,32